



Сыр бойы

№97-98 (21172-21173) 4 шілде, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

ӨРКЕН

ЖАҢА ДӘУІРДІҢ ЖАРШЫСЫ – ОТАНШЫЛ ЖАСТАР



Суретті түсірген Нұрболан НҮРЖАУБАЙ

Статистиканың өткен жылғы мәліметіне қарағанда, облыста 14 пен 35 аралығындағы 248 279 жас бар. Бұл – жалпы халықтың 29,4%-ы. «Мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында жүйелі жұмыс жасалып келеді.

Ақпараттық-талдау орталығы жылына екі рет аймақ жастары арасындағы ахуалға зерттеу жүргізіп, қорытындысы бойынша мүдделі органдарға ұсыныстар береді. Ұсыныстар қатарында тұрғын үйге қолжетімділікті арттыру, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, кәсіби бағдарлау бар.

Жастарды еңбекке баулу мақсатында құрылған еңбек бригадаларының саны 30-дан асып, құрамына 800-ден астам адам тіркелген. Еңбек жасағына әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан, NEET санатындағы жастар да тартылып отыр.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясында өңір жастарымен еркін форматтағы кездесуі таяз мазмұнға ие болды. Онда жастар саясатын дамыту, білім беру жүйесін жетілдіру, кәсіпкерлікті,

жастардың қоғамдық бастамаларын қолдау және өңірді әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамытудағы кейінгі буынның ролі кеңінен талқыланды.

Аймақ басшысы елдегі саяси реформалардың маңызына тоқталып, жаңа Конституцияның қабылдануы жаса кезеңнің бастауы екенін атап өтті.

– Бұл – әділетті қоғам құруға және болашаққа деген сенімді нығайтуға бағытталған тарихи шешім. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей, Әділетті Қазақстанды құруда білімді, отаншыл жастардың ролі айрықша. Сондықтан жастардың сапалы білім алып, еңбек етуіне, кәсіп бастауына және жан-жақты дамуына мемлекет жүйелі қолдау көрсетіп отыр. Биыл жастар саясатын іске асыруға жергілікті бюджеттен 2 млрд теңге бөлінді.

Мемлекет басшысы айқындаған «Заң мен тәртіп», «Адал азамат» және «Таза Қазақстан» бастамаларын жүзеге асыруда жастардың белсенділігі мен қоғамдық жауапкершілігі ерекше маңызды, – деді облыс әкімі.

Еркін пікір алмасу кезінде жастар ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. «Сыр жастары» бағдарламасының қатысушысы, жас журналист Арайлым Шакизаева, «Global Motors» Қызылорда автосалонының директоры Олжас Балтақожа, «Қузылорда Hub» бизнес-инкубаторының директоры Жанарыс Түбекбаев, блогер Нұржан Сейтмұрат, облыстық «GAMMA MMA» федерациясының төрағасы Бейбітжан Қобланов және «Анаға тағзым» орталығының әдіскері Акбота Шамшиева сөз сөйледі.

Облыс әкімі барлық ұсыныстар жан-жақты қаралатынын, жастар бастамаларын қолдау жүйелі жалғастырынып жеткізді. Сонымен қатар жастарды өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған жобаларды іске асыруға белсенді қатысуға шақырды.

2-бет

СЕССИЯ

АЙМАҚТЫҢ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ САРАЛАНДЫ

Кеше өткен облыстық мәслихаттың кезекті XXXIV сессиясында негізгі 10 мәселе қаралды.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев қатысушыларды алдымен жаңа Ата Заңның күшіне енуімен құттықтады. Жаңа Конституцияда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету, әділетті қоғам құру басты мақсат ретінде белгіленгенін атап өтті.

– Жаңа Прембулада байырғы қазақ жерінде мемлекеттілікті нығайта отырып, Ұлы Даланың мыңжылдық тарихи сабақтастығын сақтау басты қағидат ретінде бекітілген. Билік тармақтарының тепе-теңдігі нығайтылып, басқару жүйесі заман талабына сай жаңғыртылды.

Бұл – мемлекетіміздің тұғырын нығайтып, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтауға негіз болатын маңызды құжат. Мұның барлығы – Қазақстанды демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде дамытуға бағытталған жүйелі қадамдар.

Жаңа Ата Заңның күшіне енгеннен кейін Президентіміз 23 тамызда Құрылтай сайлауын өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. Ұлтымыздың тарихына

алтын әріппен жазылатын саяси кезеңде баршаңызды елдік мүдде жолындағы маңызды іске белсенді қатысуға шақырамын, – деді облыс әкімі.

Жиында бірқатар азаматқа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының жаңа Конституцияның күшіне енуіне орай жолдаған Құттықтау хаты және Конституцияның арнайы басылымы табыс етілді.

Облыс әкімі одан соң өткен жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы жөнінде баяндама жасап, ең өзекті деген мәселелерді шешуде, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға атқарылған жұмысты, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды атап өтті.

2-бет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Конституцияның қабылдануына орай Рақымшылық жасау туралы заңға қол қойды. Оған сәйкес рақымшылық қоғамға елеулі қауіп төндірмейтін, қоғамдық қауіпсіздікке және мемлекеттің маңызды мүдделеріне зиян келтірмеген құқықбузушылықтарды жасаған азаматтарға қолданылады.

РАҚЫМШЫЛЫҚ – ІЗГІЛІК АКТІСІ

Заңға сәйкес, сотталғандардың белгілі бір санатына жасалған қылмыстың ауырлығы, келтірілген залалдың өтелуі және жазаны өтеу кезеңіндегі мінез-құлқы ескеріле отырып, жазаның өтелмеген бөлігінің мерзімі қысқартылады. Polis.kz дерегіне сәйкес, алдын ала есеп бойынша, 16,5 мыңнан астам адам жаңа өмір бастауға мүмкіндік алады. Олардың 2 900-ге жуығы – әйел адамдар, оның ішінде жүкті әйелдер мен кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған аналар.

Рақымшылық қоғамдық тәртіптің немесе азаматтардың қауіпсіздік деңгейінің төмендеуіне әкелмейді. Өйткені заң сыбайлас жемқорлық, терроризм және экстремизм қылмыстарына, жыныстық еркіндік пен қол сұғылаушылыққа қарсы, оның ішінде кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстарға, азаптауды, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыстарға, сондай-ақ қылмысты қайталап немесе аса қауіпті қайталап жасаған адамдарға ешқандай жеңілдік қарастырмайды. Сондай-ақ өмір бойына бас бостандығынан айырылғандар мен сырттай сотталғандарға да рақымшылық жасалмайды.

Облыстық ҚАЗ департаментінің мәліметіне қарағанда, біздің өңірде 150-ге жуық адам рақымшылыққа иіледі.

3-бет

ЕРТЕҢ – ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

ҚАРА АҒАШҚА ЖАН БІТІРГЕН

Қасым-Жомарт Тоқаев,
Қазақстан Республикасының Президенті:

Бірнеше күннен кейін бәріміз бір ел болып «Ұлттық домбыра күні» атап өтеміз. Бұл – болмысымызды айықпайтын, жұртымыздың, әсіресе, өскелең ұрпақтың рухын көтеретін айрықша мереке. Көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлінің «Нағыз қазақ – домбыра» деп жырлауы тегін емес. Расында, домбыраны ұлықтау арқылы біз төл өнерімізді төрге оздырамыз. Домбыра қастерлі құндылығымыз ретінде ұлтымызды әлемге танытатын бірегей брендке айналуы керек.



Елімізде жыл сайын шілденің алғашқы жексенбісінде Ұлттық домбыра күні атап өтіледі. Домбыра жер бетінде кеңінен тараған шертпелі аспаптардың қатарына кіреді. Тарихы да терең. Атаулы күн қарсаңында қара ағашқа жан бітірген шебер Ақбүркіт Жауынғаровпен тілдесіп, домбыра жасаудың қыр-сырын сұраған болатынбыз.

Ол қазақтың ұлттық аспабын байырғы әдіспен және қол күшімен жасайды. Мұны кәсіп емес, өнер деп бағалайды.

Ұсталыққа бала күнінен жақын болды. Әкесі домбыраны қолға алғаннан-ақ қасынан шықпай, үніне құлақ тосатын. Қолөнерге ептілігі байқалып, ағаштан түрлі бұйым жасады. Кейін ұлттық аспап жасауды қолға алды. Белгілі шебер Біржан Ділмановтың шакірті атанып, тәжірибе жинады. 2022 жылы Белкөден жеке шеберхана ашып, ісін жалғастырды.

– Домбыраны жергілікті жерде өсетін ағаштан жасаймын. Оның ішінде

4-бет

Өңір өнімі

АЛҒАШҚЫ 30 ТОННА РЕСЕЙГЕ ЭКСПОРТТАЛДЫ

Жайылма қарбызымен танымал. Шілде туса жұрт осы ауылдың қарбызын іздей бастайды. Дәмі тіл үйретін бақша өнімі жеңіс асқа айналғалы қашан. Құрамында дәрумені мол әрі жесең шөліңді басатын қарбыз таудың таза суымен суарылып, тың топырақта өніп шығады. Адам ағзасына да пайдалы. Сондықтан да болар, сонау шетелдерден көлік ағылып, Жайылманың қарбызын алқап басынан тиіп кететіні.

7-бет



ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Кеше Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен ҚР Президенті жанындағы «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі кеңестің отырысы өтті. Күн тәртібінде қалдықтарды басқару, «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыру, өнеркәсіп пен құрылыс салаларындағы энергия тиімділігін арттыру мәселелері қаралды. Кеңеске облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Өңірде «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы аясында энергия тиімділігін арттыру және қоршаған ортаға түсетін жүктемені азайтуда жүйелі жұмыс бар.

Өткен жылы 280 шақырым электр желісі мен 87 қосалқы станцияға энергия үнемдейтін заманауи технологиялар енгізілді. Биыл 605 шақырым электр желісі мен 190 қосалқы станцияны жаңғырту жалғасуда. Сондай-ақ 8,7 шақырым жылу желісі жаңартылып, арнайы оқшаулағыш материалдармен қапталды. Бұл жылу беру жүйесіндегі шығынды едәуір қысқартты.

Аймақта жаңартылатын энергия көздерін дамытуға да басымдық берілген. Қазір жалпы қуаттылығы 148 мегаватт болатын бес күн-электр станциясы жұмыс істейді. Алдағы уақытта бір жел және үш күн-электр станциясын іске қосу жоспарланып отыр.

Қалдықтарды басқаратын 17 кәсіпорын биылғы бірінші тоқсанда 67 мың тонна қатты тұрмыстық қалдық жинап, оның 23 мың тоннасын қайта өңдеді. «Жасыл даму» АҚ қаржыландыруымен қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жаратуға бағытталған 9 жоба жүзеге асырылуда.

Салаға инвестиция тарту және озық технологияларды енгізу үшін халықаралық компаниялардың қатысуымен екі ірі инвестициялық жоба қолға алынған. Атап айтқанда, Оңтүстік Корея технологиясымен жылына 300 мың тонна қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату зауыты, Германия технологиясымен жылына 240 млн дана шыны ыдыс шығаратын зауыт салынууда. Бұл – қалдықтарды қайта өңдеу үлесін арттырып, импортты алмастыруға және өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға ықпал ететін бастамалар.

«СБ» ақпарат

ЖАҢА ДӘУІРДІҢ ЖАРШЫСЫ – ОТАНШЫЛ ЖАСТАР

Айта кетейік облыстық жастар ресурстық орталығы жанында 6 үйірме мен клубтар бар. «Оқушылар сарайы», «Теннис орталығы», «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы, «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», барлық аудандағы «Руханият орталықтарында» жастардың бос уақытын тиімді өткізуге жағдай жасалған.

Өңір жастарын қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету және жас отбасыларды қолдау мақсатында Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық несиені беру бағдарламасы қабылданған. Бағдарлама бойынша 35 жасан аспаған, Қызылорда облысында тұрақты тіркеуі бар жастар жылдық 6% мөлшерлемемен, үй бағасының 10% жарнасын жинап ұй ала алады. Бюджеттік ұйымдар, мәдениет және спорт, ауыл шаруашылығы, төтенше жағдай, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында, жоғары оқу орындары мен ҒЗИ, ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялар, екінші деңгейдегі банк филиалдарында жұмыс істейтін қызметкерлер, журналистер, кәсіпкерлерге оңтайлы мүмкіндік ұсынылған.

Мәселен, 2024 жылы 798 адам құжат тапсырып, жолдама алған 471-інің 100-і төлем қабілетін растап, үш бөлмелі пәтер иесі атанды. Өткен жылы 691 адам құжат тапсырып, оның 453-інің құжаты қабылданып, 300 жасқа «Отбасы банк» АҚ-нан жолдама берілді. Төлем қабілетін сәтті растаған жастар сол жағалаудағы көпқабатты тұрғын үйден пәтер алды.

Мемлекет басшысының бастамасымен 2026 жылды БҰҰ Бас Ассамблеясы «Орнықты даму жолында Халықаралық еріктілер жылы» деп жариялады. Соған сәйкес халықаралық және республикалық деңгейдегі екі ауқымды шара өтеді.

Тамыз айындағы республикалық волонтерлер слеті жастар мен еріктілердің тәжірибе алмасуына, жана бастамаларды талқылауға және қоғам игілігіне арналған жобаларды дамытуға арналады. Сондай-ақ «Менің мамандығым – менің жетістігім» тақырыбында республикалық жас мамандар форумын өткізу жоспарланған.

Қазан айында халықаралық «Green Aral: Volunteers for Life» халықаралық еріктілер апталығы аясында Арал маңы табиғатын қалпына келтіру және экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған жобалар іске асырылады.

1-бет

«СБ» ақпарат

ӨНІМДІ ТЕРЕҢ ӨНДЕУГЕ БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ

«Alreson Group» компаниясы Жаңақорған ауданында қызанақ пастасы зауыты жобасын жүзеге асыруға ниетті. Бұл туралы облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев компания өкілдері Самат Балабеков, Ержан Ибраимов, Нармұхан Сарыбаевпен кездесуде айтылды.

– Бүгінде өңірде ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге басымдық беріліп отыр. Осы ретте қызанақ пастасы зауыты жобасын жүзеге асыру ниетімізді қолдаймыз.

Бұл өнімге қосылған құн қалыптастырып қана қоймай, көкөніс шаруашылығының дамуына, егін алқаптарының ұлғаюына мүмкіндік береді. Қажетті жер учаскесін ұсынуға, барлық кезеңде өкілшілік және инфрақұрылымдық сүйемелдеуге дайынбыз. Өңіріміз үшін стратегиялық маңызы бар инвестициялық бастамаға жан-жақты қолдау көрсетіледі, – деді облыс әкімі кездесуде.

Қазір инвесторлар Жаңақорған ауданының Бесарық ауылынан зауытты сатып алып, қызанақ пастасын шығаруға қызығушылық танытып отыр. 2,3 млрд теңге инвестиция құйып, технологиялық жабдықтарды жаңғырту, өндірістік және қосалқы нысандарды жөндеу, арнайы техника сатып алу жоспарланған. Бұл тәулігіне 600 тоннаға дейін қызанақ өңдеуге жол ашады. Шікізатпен тұрақты қамтамасыз ету үшін 2300 гектар суармалы егін алқабын игеру, көршілес Түркістан облысынан сатып алу да көзделіп отыр.

АЙМАҚТЫҢ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ САРАЛАНДЫ



Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерге талдау жасап, өткен бес айдың қорытындысына тоқталды.

– 2022 жылдан бері өңірге 2,4 трлн теңгеге жуық инвестиция тартылды. Биылға 790 млрд теңгеге жуық инвестиция жоспарланса, оның 261 млрд теңгесі орындалды. Экономиканы әртарапандыру үшін алдағы үш жылға 1 трлн 900 млрд теңгенің 48 инвестициялық жобасын іске асыру, 10 мыңнан аса жаңа жұмыс орнын ашу межесі бар. Биыл 14 ірі жобаның құрылысы басталды, қазір төртеуінің құрылысы жүріп жатыр, 2 жобаның қауіпсіз салынып. Жақын күндері екі жылыжай кешені қолға алынады. Жыл соңына дейін қалған алты жобаны бастау жоспарланған, – деді облыс әкімі.

Президенттің, Үкіметтің ерекше қолдауымен биыл 300 орындық көпбейінді аурухана және «Қызылорда - Арена» көпфункционалды спорт кешені іске қосылды. Бұдан бөлек, екі емхана, жана перинаталдық орталық салынып жатыр. Президенттік кітапхананың, жаңа драма театрдың қауіпсіз салынып.

«Батыс-Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізіндегі «Қызылорда-Ақтөбе» бағытын төрт 1-бет

жолға етіп кеңейтудің бірінші кезеңі басталды. «Бейнеу - Сексеуіл» жолының да басталатын күні жақын қалды.

Облыс тұрғындарын сапалы инфрақұрылыммен қамтамасыз ету – күн тәртібіндегі тұрақты мәселе. Жыл соңына дейін 10 елді мекен газдандырылып, өңірді «көгілдір отынмен» қамту деңгейі 85 пайызға жеткізілмек. Сондай-ақ үй кезегінде тұрған азаматтарды баспанамен қамту мақсатында биыл 2400 пәтер беру жоспарланған.

Аймақ басшысының баяндамасынан кейін депутаттар сөз алды. Атап айтқанда, депутат Максұт Нәлібаев былтыр тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруда атқарылған жұмыстарға тоқталып, облыс әкімінің оң бастамаларына қолдау білдіретінін жеткізді.

– Бюджет – өңірдің тұрақты дамуының негізгі тетігі. Осы тұрғыдан алғанда, бюджет қаражатының басым бөлігі тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталып келеді. Өткен жылы өңірде әлеуметтік нысандардың құрылысы мен жаңғырту жұмыстары қарқынды жүргізіліп, инженерлік инфрақұрылымды дамытуға айрық-

ша мән берілді. Халықты сапалы ауызсумен, электр энергиясымен және табиғи газбен қамтамасыз ету бағытында нақты нәтижелерге қол жеткізілді. Білім, денсаулық, мәдениет және спорт салаларында қолға алынған жобалар елге қызмет етіп, кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Бұл – бюджет қаражатының халық сұранысына сай бағытталып, өңір дамуының нақты көрінісі. Осы орайда игі бастамаларыңызға қолдау көрсетіп, бірге жұмыс істеуге дайын екенімізді білдіреміз, – деді Максұт Бйбайханұлы.

Сессияның күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Сәкен Мырзабек, облыс бойынша тексеру комиссиясының төрағасы Мұса Қалдарбеков, облыстық мәслихаттың тұрақты комиссия төрағасы Балжан Шәменовна қосымша хабарлама жасады.

Сессияда облыстық бюджетке, даму жоспарына өзгерістер енгізу туралы мәселе қаралып, ветеринария, қоғамдық даму, денешынықтыру және спорт басқармасы басшыларының есебі тыңдалды. Облыс әкімдігі жанындағы құқық-бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстваралық комиссияның құрамын толықтыру, «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі өңірлік жоспарға өзгеріс енгізу, тағы басқа мәселелер талқыланды.

Айта кету керек, сессия алдындағы тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысында күн тәртібіндегі мәселелер жан-жақты талқыланып, депутаттар сауалдарын жолдады. Мәселен, депутат Әмірбек Шаймағанбетов Жалағаш ауданында кент пен екі ауыл ғана «көгілдір отынмен» қамтамасыз етілгендіктен, ауыл тұрғындарына сексеуілді отын ретінде пайдалануға рұқсат беру туралы сауалдар ортаға салды. Ал депутат Ибадулла Тілеп күрші егістігі қысқарғанына байланысты мал жайылымына айналған егістік таппаларда кене көбейіп, оның адам өміріне қауіпті екенін ескертті. Садық Мұстафаев спорт саласына қатысты мәселелерді ортаға салды.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

ДАМУДЫҢ ДӘНЕКЕРІ – ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰРПАҚ

Жаңа Конституцияның қолданысқа енуі аясында өткен магистранттармен кездесуде облыс әкімі білімді, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеудің маңызына тоқталды. Ал диплом иегерлері білімі мен кәсіби біліктілігін ел игілігіне бағыттап, қоғам дамуына үлес қосатынына сенім білдірді.

Өңірдегі жоғары білім мен ғылымның қарашаңырағы саналатын оқу орнын биыл 2600-ден астам түлек бітірді.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-ректор Наурызбай Байқалам-овтың қатысуымен өткен шарада университеттің магистратура бағдарламасын тәмамдаған түлектерге диплом табысталды.

– Еліміздің ертеңі мен тірегі – Сіздер секілді жалынды жастарға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Әділетті Қазақстанды құрудың басты қозғаушы күші де, оның жана белестерін бағындыратын жасампаз қуаты да – өздеріңіз.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Біздің басты стратегиялық мақсатымыз – жоғары конституциялық қағидағарды іске асыра алатын білімді, дені сау, зияткер әрі озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу» деген болатын.

Сіздер жастық жігерді Тәуелсіздігіміздің тұрғын одан әрі биіктете түсуге жұмсайтындарыңызға сенемін.

Бүгінде облысымызда жаңа өндіріс орындары ашылууда, цифрландыру үдерісі жедел енгізіліп, әлеуметтік сала жаңғыртылып жатыр. Жаһандану дәуірінде креативті, жаңашыл әрі тың көзқарасы бар мамандар аса қажет.

Баласының бағын тілеген ата-ананың қуанышында шек жоқ екенін көріп тұрмын. Сіздерге көп рақмет! Ал шәкіртін шыңға шығарған профессор-оқытушыларға аймақ



халқының атынан ерекше алғысымды білдіремін. Сіздер облысымыздың басты байлығы – адами капиталды қалыптастырып келесіздер. Бойларыңыздағы білім мен енегені Отанымыз – Қазақстанның, туған жеріміз – Сыр өңірінің игілігіне жұмсай беріңіздер, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Токсан жылға жуық тарихы бар Қорқыт ата атындағы университет озық идеялардың жаршысы ретінде ғылымға инновациялық жаңашылдықтарды енгізіп, бәсекеге қабілетті маман даярлау бағытындағы жұмысын табысты

жалғастырып келеді. «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары сұранысының тәуелсіз рейтингі – 2026» қорытындысымен еліміздегі көрсаткіші жоғары оқу орындары арасында 7-орынға ие болды. Оқу орнының 31 білім беру бағдарламасы республикадағы үздік үштік қатарынан көрінді.

Айта кетейік, биыл университеттің бакалавриат бағдарламасын 630, ал магистратура бағдарламасын 79 түлек тәмамдады.

«СБ» ақпарат

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫНДА ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУДЫҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН КЕСТЕСІ

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты
Ерғешбаев Мұрат Нәлқожаұлы	Облыс әкімі	Әр айдың 4-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
Жаналинов Данияр Еренғалиұлы (жетекшілік ететін салалары: облыстық экономика және қаржы, мемлекеттік сатып алу, бақылау, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары)	Облыс әкімінің бірінші орынбасары	Әр айдың 2-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
Жаханов Бахыт Дүйсенұлы (жетекшілік ететін салалары: облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, ветеринария, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс, сәулет және қала құрылысы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармалары)	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 3-ші бейсенбісі	Белгіленген уақытта
Аманкүл Нұридін (жетекшілік ететін салалары: облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы және «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы)	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 2-ші сәрсенбісі	Белгіленген уақытта
Нұртай Қайрат Ырзақұллы (Байқоңыр қаласының әкімшілігі, Төретам кенті және Ақай ауылдық округі әкімінің аппараты арасында өзара қарым-қатынасты ұйымдастыру, Төретам және Ақай елді мекендерін дамыту мәселелері)	Облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі	Әр айдың 1-ші бейсенбісі	Белгіленген уақытта
Шермағанбет Мейрамбек Зинабидіңұлы (жетекшілік ететін салалары: облыстық қоғамдық даму, мәдениет, архивтер және құжаттама, дін істері, білім, дене шынықтыру, спорт және туризм басқармалары)	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 3-ші сәрсенбісі	Белгіленген уақытта
Мұхамедияров Әділхан Мерекеұлы (жетекшілік ететін салалары: облыс әкімінің аппараты және жұмылдыру дайындығы басқармасы). Сонымен қатар, облыстың құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылы қамтамасыз ету, қоғамдық қауіпсіздікті және тәртіпті сақтау жұмыстарын үйлестіреді	Облыс әкімі аппаратының басшысы	Әр айдың 3-ші жұмасы	Белгіленген уақытта

Азаматтарды қабылдауға алдын ала жазылу Қызылорда облысы әкімдігінің ғимаратында мына мекен-жай бойынша жүргізіледі: Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі №1, 1-кабат, №139 бөлме.

Анықтама телефоны: 40-11-91 (7046).

Қызылорда облысы әкімінің аппараты

/// ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ: ПІКІР-ПАЙЫМ

«ҚҰРЫЛТАЙ МЫҚТЫ МАМАНДАРДАН ЖАСАҚТАЛҒАНЫ АБЗАЛ»

Қазақстанда 1 шілдеден бастап 15 наурызда өткен жалпыхалықтық референдум нәтижесінде қабылданған жаңа Конституция күшіне енді. Ел дамуын айқындайтын маңызды стратегиялық құжатта заң мен тәртіп, ұлттық құндылықтар, азаматтардың құқықтары мен міндеттері нақты айқындалған.

Саясаттанушы, саяси ғылымдар докторы Мұрат Бақтиярұлымен сұхбатымыз өзгерген Ата Заңымыздың мақсаты мен артықшылығы турасында өрбіді.

– Мұрат Бақтиярұлы, жаңа Конституцияның қабылдануына қандай алғышарттар әсер етті?

– Мемлекет басшысы өткен жылы қыркүйек айында халыққа арнаған Жолдауында Конституция туралы сөз қозғалды. Мұның негізгі алғышартын екіге бөліп қарастыруға болады. Біріншіден, 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституцияға күші жойылғанға дейін жалпы бес рет – 1998, 2007, 2011, 2017 және 2022 жылдары өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұрын бір палаталы Парламент болса, кейін екі палаталы болды, яғни Мәжіліс – төменгі, Сенат – жоғары палата. Парламент шамамен жиырма жылдай жақсы жұмыс істеді. Мәжіліске түскен заңдардан кейде біршама қателік шығады. Біз оны түзетіп, қайтадан мәжіліске жіберіп, Президенттің қол қоюына жолдаймыз. 2013-2014 жылдан бастап Сенаттың артық құрылым екені біліне бастады. Кейбір заңдар екі-үш айлап жатып қалатын кездер болды. Оны бұқаралық ақпарат құралдары да, кейбір саясаткерлер де айтып жүрді. Екіншіден, 1995 жылғы Конституцияда Президенттің құзыреті шексіз болды. Елбасы ұғымы пайда болып, оның және отбасы мүшелеріне басымдық берілді. Мұның өзі қоғамның наразылығына ұшырап, түсініспеушілік туғызды. Ата Заңымызда адамның рухани деңгейі, құқығы, білім, ғылым, мәдениет, жер мәселелері материалдық деңгейінің тасасында қалды. Конституциялық сотты қайтадан қалпына келтіру қажет болды. Мұндай құрылым өркениетті елдердің барлығында бар. Адамның конституциялық құқығы бар. Жаңа Конституцияны қабылдауға түрткі болған алғышарттар осылайша әбден пісіп-жетілді. Әсіресе, 2022 жылғы Қаңтар оқиғасы Конституцияның мүлдем ескіргенін, жаңарту керек екенін



дәлелдеп берді. Қаңтар оқиғасынан кейін конституциялық өзгерістер енгізілгенімен, ол жеткіліксіз болды.

– Адамның құқығы мен бостандығын қорғау тетіктері қаншалықты күшейді?

– Кез келген мемлекеттің Конституциясында адамның құқығы мен өмірі басты орында тұрады. Адамның құқығы Конституцияда анық көрініс тапқанымен жергілікті жерлерде бұзылып жататын жағдайлар кездеседі. Бұл – субъективті фактор.

– Жаңадан құрылатын Құрылтайдың ролі мен ықпалы Парламентке қарағанда қандай болады?

– Кейінгі үш-төрт жылда «ықпалды Парламент» деген термин қолданысқа енді. Билік үш тараудан тұрады: атқарушы билік, заң шығарушы билік және сот билігі. Соның ішінде заң шығарушы биліктің ықпалды болғаны дұрыс. Парламентаризм дамуындағы

тағы бір ірі өзгеріс – бір палаталы Құрылтай құрылды. Бірақ оның негізі – жиырма жылдан астам жұмыс істеп келе жатқан қос палаталы Парламент. Ендігі мәселе құрылтай құрамы, сапасы қандай болмақ? Менің пікірімше, заң қабылдайтын орган негізінен билікті заңгерлер мен экономист-қаржыгерлерден құрылғаны дұрыс. Жасырып қайтса, Парламентте жүргенде кейбір әріптестер келген заңның мәнін онша түсіне бермейтін. Тәжірибе, арнайы білімі жоқ болғандықтан оларды кінәлау дұрыс емес те шығар. Сондықтан Құрылтайға еліміздегі ең мықты интеллектуалды азаматтарды көбірек тартса деймін. Өзін-өзі үнемі жарнамалайтын, жүрген жерін шулатып жүретін, заңның сапасы емес, өзін гана «мықты» етіп көрсететін депутаттардың, блогерлердің заманы өтті. Бізге сабырлы, заң мен экономиканы жақсы білетін, халықтық мұң-мұқта-

жын салмақты етіп көтере алатын Әбіш, Шерхан, Мұхтар, Айталы, Қуаныш ағаларымыздай азулы депутаттар керек. Марат Оспановтай, Орал Мұхамеджановтай, Қасым-Жомарт Тоқаевтай спикерлер керек. Мүмкіндігінше зейнет жасына жеткен және Парламентте ұзақ отырып қалған депутаттар орындарын жас ұрпаққа босатып бергені дұрыс. Бұл – өмір заңдылығы, ол үнемі өзгерісте, дамуда болады. Қызметтен уақытысында әдемі кете білу де азаматтың абыройлы екенін көрсетеді.

– Құрылтай құрамының саны емес, сапасы маңызды, солай ғой?

– Менің пікірімше, осы сайлау саяси партиялардың ғана емес, күллі қоғамымыздың саликалылығына үлкен сын болайын деп тұр. Осы кезге дейін біздегі көппартиялық жүйе билік пен бизнес төңірегіндегі дау-дамайларға ғана үн қосып, мемлекетіміздің тағдыры мен ұлттық дамуымыздың толғақты мәселелерін көтеруге келгенде ірі көшелілік таныта алмай келеді. Саликалы саяси партияларға қоғамды алаңдатып отырған мәселелерге өз көзқарасын уақытылы білдіріп отырған жарасады. Қазақстанда депутаттар партиялық құрам арқылы таңдалады. Елде 11 миллионға жуық сайлаушы бар десек, бәрі бірдей партияға мүше емес. Партиялық тізіммен сайлау өткенде партияда жоқ адамдардың құқығы шектелген болып есептеледі. Кезінде сайлау комиссиясына адамдардың өзін-өзі ұсынуына мүмкіндік беру туралы ұсыныс білдіргенмін. Бірақ ол қолдау таппады. Қазақстанда партиялық жүйе қалыптасты дегенімізбен, бәсекелестік орта жоқ. Сондықтан біздің саяси жүйеде екі не үш партия болса жеткілікті. Сол кезде олардың миллиондаған мүшесі болып, сайлау процесі қызу жүреді. Президентіміздің Құрылтайға «мықтылардың мықтысы өту керек» деген сөзіне ерекше мән беруіміз керек. Құрылтай құрамы сапалы болса, ол қабылдаған заңдар да халықтың көңілінен шығатыны сөзсіз. Сайлауды даңғазу мен дау-дамайға ұрындайды, тәуелсіздік келешегіне адал қызмет ететін, қалыптасқан жағдайды одан әрі қалай жақсартуды

құйттейтін елжанды азаматтарды мұқият таңдап алатындай саяси талғампаздық ахуалында өткізген жөн.

– Конституциялық реформа қаралаймын адамның өмірінен көрініс табу үшін не істеу керек?

– Конституцияның көздеген басты мақсаты – халықтың әл-ауқатын көтеру. Ол үшін жұмыс орындары жеткілікті, тариф, азық-түлік бағасы халықтың қалғасына сай, жалақы жоғары болуы керек. Бұқара халықтың жағдайы оның тұрмыс дәрежесінен көрінеді. Ал орташа жалақы, ішкі жалпы өнім туралы статистика – формальды нәрселер. Президент халықтың әл-ауқатын көтеруді бірінші орынға қоюды талап етті. Сондықтан кейдегі заңдардың жағдайын орта таптың дәрежесіне көтеру аса маңызды.

– Қалай ойлайсыз, «Әділетті Қазақстан» принципі өз дәрежесінде жүзеге асып жатыр ма?

– Президент «Әділетті Қазақстан» дегенде шешім қабылдау, қызметке орналасу, заң қабылдауға әділеттілік принципіне жүгіну туралы айтты. Ал оның орындалуы – екінші мәселе. Билікте жүрген азаматтар бұл терминді көп пайдаланғанымен, астарына үңіле бермейді. Мұны кең мағынада қолданатын кез жетті.

– Конституцияны алдағы уақытта тағы өзгерту қажеттілігі болуы мүмкін бе?

– Қазақстан Конституциясы бұған дейін екі рет қабылданды, оның бірі 1993 жылы қаңтарда, 1995 жылы тамыз айында. Бұл жолғы өзгерген нұсқасында мемлекеттің қалыптасқан негізі сақталды. Кем дегенде алдағы он жылда осы Конституциямен жүреміз. Мінсіз Конституция әлемде ешбір мемлекетке жоқ. Елімізде 20 миллион халық болса, 20 миллион түрлі пікір бар. Қазақстан Конституциясы әлемдік, еуропалық үлгілерге, әсіресе, рухани дамуымызға, адамдардың құқығына байланысты еуропалық елдердің стандартына сәйкес келеді.

– Уақыт бөлгеніңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Қазақстанның даму жолындағы маңызды реформалардың бірі – жаңа Конституцияның қабылдануы. Бұл құжат мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірумен қатар, қоғамның рөлін күшейтуге, азаматтардың шешім қабылдау үдерістеріне белсенді қатысуына және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға тың серпін берді.

Конституцияның басты ерекшелігі – мемлекеттің ғана емес, қоғамның да жауапкершілігін арттыруында. Өйткені Әділетті Қазақстанды құру әрбір азаматтың белсенді ұстанымына, қоғамдық ұйымдардың әлеуетіне және мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімге тікелей байланысты.

Бүгінде азаматтық қоғам институттары ел өмірінің маңызды бөлігіне айналды. Үкіметтік емес ұйымдар халықтың мұң-мұқтажын жеткізіп қана қоймай, әлеуметтік мәселелерді шешуге, қоғамдық бақылауды дамытуға, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына атсалысып келеді. Жаңа Конституция осы институттардың қызметін одан әрі дамытуға және олардың мемлекеттік органдармен әріптестігін нығайтуға құқықтық негіз қалыптастырды.

Кез келген реформаның табысты болуы ашық диалогқа байланысты. Мемлекет пен қоғам арасындағы тұрақты байланыс, тұрғындардың пікірін тыңдау, ұсыныстарын ескеру қазіргі басқарудың басты қағидаттарының біріне айналды. Бұл бағытта қоғамдық кеңестердің, үкіметтік емес ұйымдардың, бастамашыл азаматтардың және жергілікті қоғамдастықтардың ролі жылдан-жылға артып келеді.

Жаңа Конституцияда жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіруге де ерекше назар аударылған. Соның ішінде төртінші деңгейлі бюджеттің тиімді жүзеге асырылуы ауыл тұрғындарының өз елді мекенін дамытуға тікелей қатысуына мүмкіндік береді. Ауылдың қай көшесіне жарық тартылатыны, қай жерге балалар ойын алаңы салынатыны немесе қандай әлеуметтік мәселе бірінші кезекте шешілетіні – мұның барлығы тұрғындардың ұсынысы мен ортақ шешімі арқылы айқындалуы тиіс. Бұл бюджет қаражатының ашықтығын қамтамасыз етіп қана қоймай, азаматтардың ортақ іске деген жауапкершілігін де арттырады.

Сонымен бірге жергілікті қоғамдастықтардың қызметін жетілдіру бүгінгі күннің маңызды міндеті болып қала береді. Қоғамдастықтардың шешім қабылдаудағы ықпалын күшейту, тұрғындардың белсенділігін арттыру және қоғамдық бақылау тетіктерін дамыту – жаңа реформалардың негізгі бағыттарының бірі.

Қызылорда облысында жүзеге асырылып жатқан «Суағар» бастамасы осы ұстанымдардың өміршеңдігін көрсеткен нақты жобалар қатарында. Бұл бастама аясында қоғамдық ұйымдардың өкілдері елді мекен-



дерді аралап, тұрғындармен ашық кездесулер өткізді. Халықтың өз ауылын дамытуға деген қызығушылығы жоғары екені байқалды. Сонымен қатар тұрғындар жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру, төртінші деңгейлі бюджетті тиімді пайдалану, қоғамдық ұйымдардың мүмкіндіктерін кеңейту және азаматтардың шешім қабылдауға қатысуын арттыру жөнінде нақты ұсыныстарын жеткізді.

Осы тәжірибе заңнаманы одан әрі жетілдірудің қажеттігін көрсетті. Конституцияда белгіленген қағидаттардың толыққанды іске асуы үшін оларды нақтылайтын заңдар мен нормативтік-құқықтық актілер заман талабына сай жетілдірілуі тиіс. Сонда ғана реформалардың нәтижесі халықтың күнделікті өмірінде айқын сезіледі.

Конституция – өзгерістердің бастауы. Оның құндылығы әрбір азамат өз құқығын біліп, қоғамдық өмірге белсенді араласқанда, мемлекет пен қоғам өзара сенім мен серіктестік негізінде әрекет еткенде толық көрінеді. Сондықтан жаңа Конституцияның идеяларын жүзеге асыру – тек мемлекеттік органдар емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Біздің мақсатымыз – халықтың үні естілетін, жергілікті бастамалар қолдау табатын, азаматтық қоғамның әлеуеті толық пайдаланылатын және заң үстемдігі орныққан Әділетті Қазақстанды бірге құру. Бұл жолда үкіметтік емес ұйымдардың, жергілікті қоғамдастықтардың және белсенді азаматтардың атқарар ролі ерекше.

Анар ІЗДЕН,
Қызылорда облысының
Азаматтық альянсы төрайымы

РАҚЫМШЫЛЫҚ – ІЗГІЛІК АКТІСІ

– Жаңа Конституция қабылдануына байланысты Рақымшылық заңына Президент қол қойды. Осыған сәйкес Қызылорда облысы ҚАЖ департаментіне қарасты мекемелер есебінде жазасын өтеушілер арасында 150-ге жуық сотталғанға рақымшылық қолданылады деп күтілуде. Айта кетейік, өткен жылы Конституцияның 30 жылдығына байланысты қолданылған рақымшылық шарасында 40-қа жуық адам босатылып, 120-ға жуығының мерзімі қысқартылған болатын, – дейді облыс бойынша ҚАЖ департаменті арнайы есепке алу тобының бас маманы, әділет подполковнигі Назерке Молдағалиқызы.

Сондай-ақ тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет әкімшілік рақымшылық енгізіліп отыр. Ол Әкімшілік-құқықбұзушылық туралы кодекстің 260-тан астам бабында көзделген құқықбұзушылықтар үшін салынған айыппұлдарды төлеуден босатуға көздейді. Тек ішкі істер органдары қарайтын әкімшілік-құқықбұзушылықтардың өзіне қатысты 17 млрд теңгеден астам сомаға салынған шамамен 1 миллион айыппұл рақымшылыққа ілігеді. Осылайша, әкімшілік рақымшылық азаматтардың қаржылық жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді. Әкімшілік рақымшылық ең өрескел құқықбұзушылықтар жасаған адамдарға қолданылмайды. Олардың қатарында қару мен есірткінің заңсыз айналымына байланысты, жол жүрісі қағидаларын өрескел бұзу, яғни, мас күйінде көлік жүргізу, қарсы қозғалыс жолағына шығу және жүргізуші куәлігінен айыруға әкеп соққан басқа да бұзушылықтар, сондай-ақ қайталап жасаған адамдар бар.

Әкімшілік рақымшылық мемлекеттік ақпараттық жүйелер арқылы автоматты түрде жүзеге асырылады. Бұл үшін азаматтар мемлекеттік органдарға жүгінбейді. Айта кету қажет, қылмыстық және әкімшілік рақымшылық бірлеттік сипатқа ие. Егер рақымшылыққа ілінген адам кейін қайтадан құқықбұзушылық жасаса, ол жалпы негізде заң алдында жауап береді.

Жалпы, тәуелсіздік алғалы бері елімізде 10 рет амнистия жарияланған. Атап айтқанда 1996, 2006, 2011, 2016, 2021, 2025 жылдары және басқа да атаулы даталарға орай өткізілді. Олар негізінен жеңіл немесе орташа ауыр қылмыс жасаған әлеуметтік

осал топтарға (көмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, қарттар) қолданылды.

Ал әкімшілік рақымшылық жоғарыда айтып өткеніміздей, мемлекет тарихында жаңа Конституцияның қабылдануына байланысты алғаш жарияланды.

Осы орайда шетелдердегі жағдай қалай деген сұрақ туындайтыны анық. Мәселен, АҚШ-та федералды деңгейде рақымшылық өте сирек жасалады, көбінесе Президент тек жекелеген адамдарға (кешірім жасау – pardon) құқығын пайдаланады. Дегенмен, түрмелердегі орын тапшылығына байланысты жекелеген штаттар мерзімінен бұрын босату бағдарламаларын жүргізеді. Еуропалық одақ елдерінде, мысалы, Франция, Германияда рақымшылық көбіне жаза мерзімін қысқарту немесе айыппұлдарды кешіру түрінде, әсіресе түрмелердегі адам санын азайту мақсатында жүйелі түрде жүргізіледі. Ал көршілес Ресейде қылмыстық амнистия соңғы рет 2015 жылы Желтоқсан 70 жылдығына орай жарияланған. Содан бері бұл шара мемлекеттік деңгейде қолданылмаған.

Басқа да дамушы елдер, мәселен, Таиланд, Бразилия сияқты көптеген Азия және Латын Америкасы елдерінде рақымшылық акциялары ұлттық мерекелерде немесе жаңа монархтың таққа отыруы секілді маңызды тарихи оқиғалар кезінде дәстүрлі өткізіліп тұрады екен.

Ал біздің елде алғаш рет ауқымды түрде жарияланған әкімшілік рақымшылық өзге мемлекеттердің тәжірибесінде бұрыннан бар көрінеді. Мысалы, Италияда әкімшілік жүктемесін азайту және азаматтардың міндеттемелерін өз еркімен орындауын ынталандыру мақсатында әкімшілік айыппұлдар мен қаржылық санкциялардан босату тетіктері пайдаланылған. АҚШ-та кейбір штаттар берешекті ерікті түрде өтеу жағдайында әкімшілік санкциялар мен өсімпұлдарды уақытша алып тастау бағдарламаларын жүзеге асырған. Ал Индонезияда әкімшілік рақымшылық мемлекеттік ауқымды реформалардың бір бөлігі ретінде қолданылып, активтерді заңдастыруға, мемлекеттік институттарға деген сенімді арттыруға және құқықтық кеңістікті кеңейтуге бағытталған.

Айнур БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»



Әнші Майраның талантына ешкімнің таласы жоқ. Осылайша ол Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Халық әні» кафедрасында оқып, жоғары білім алды.

Бүгінде оның жыр қорында Сыр сүйелерінің терме-толғауларымен бірге «Абылайхан» тарихи дастаны, «Қыз Жібек» лиро-эпостық жыр, Сәрсенбай жыраудың «Жүсіп-Ахмет», «Мұңсыз хан» дастандары, «Алпамыс батыр», «Айман-Шолпан» жыр-дастаны, өз шығармашылығынан туған «Отырардың күйреуі» дастаны бар.

Жылдар өте талантын біліммен ұштастырып, тәжірибесі толысқан Майра Алшынбекқызы қазір аталған университетте аға оқытушы, сонымен бірге, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығында «Дәстүрлі өнер» бөлімінің менеджері болып қызмет атқарады. Көп жылдан бері салада еңбек ете жүріп, жыршы-термешілік өнерге шәкірт тәрбиелеп келеді.

Дәстүрлі өнер иесі Майра Сәрсенбаеваның бұл салада жүргеніне отыз жылға жуықтады. Содан бері

ЖЫР ҮЗІГІН ЖАЛҒАҒАН

Сыр өлкесінде сүйелер мұрасының орны бөлек. Ең әуелі баба Қорқыттан бастау алатын ұлттық сарын шайырлар шығармашылығына ұласып, күні бүгінге дейін жалғасып келеді. ХІХ ғасырдың басында Қармақшы топырағында өмірге келген Сәрсенбай жыраудың мол мұрасын, ізін немересі Майра жалғап келеді.

Иә, бір ғана ауылында жүз жырау өмірге келген қасиетті Қармақшы топырағында туып-өсіп, оның үстіне, ата тегінен жалғасқан жыршылық өнер бойына қонған бүлдіршін қыз ауыл мектебінде жүріп-ақ, талантымен танылды. Сәрсенбай атасының мақамына салып, әуелете шырқағанда үлкен-кіші тәнті болатын. Ашық әрі қуатты, көмейден құйыла шығатын күмістей таза үні күмбірлеген домбырамен қосылғанда тіпті ерекше естіледі.

Қармақшы ауданында Көшеней Рүстембекұлы атындағы Жыраулар үйі және Әуез мектебі жанында Сәрсенбай жырау атындағы жыр сыныбы бар. Өнер ошағынан бүгінге дейін жүздеген талант түлеп ұшып, өмірден өз жолын тапты. Жас талант Майраның шығармашылығын шырқап, бекзат өнерге баулыған әйгілі жыраулар Алимас Алматы, Жұмабек Аққұлов сынды ұстаздары оның келешегінен көп үміт күтетін. Шынында, талабы таудай қағылғыз қыздың бойынан ата-баба тәлімімен жеткен алдалық, қарапайымдылықпен қатар, қайсарлық пен табандылық та танылып тұрты.

Осында үш-төрт жыл бұрын белгілі фототілші Болат Омаралиев ағамыз әлеуметтік желі бетінде қолына домбыра ұстаған нәзік қыздың суретін жариялады. (Ол кезде Болат ағамыз өмірде бар.)

Іле-шала бұл суретке танымал қаламгер Бауыржан Омарұлы былайша суреттеме жазды: «Ақ бантик таққан сегіз-тоғыз жастағы жыршы қыз айналасындағының бәрін ұмытқан. Өзі сахнада отырғанымен, көзі өзге әлемде. Киелі өнердің әсерлі әуеніне берілген. Бала болса да, бірталай жерге терең бойлап кеткен сынағайы. Қабағы сәл түйіліп, қасы керіліп, жұқалған танауы желп-желп етеді. Сүйіріктей сауақтары тоғыз пернені қуалап, дамылсыз жорғалайды. Тұр-әлеті баланыкі болғанмен, кимылы мен қозғалысы, машығы мен мәнері кәнігі жыраудың кейпін танытады. Тұрғытайдай ғана текті перзент өзін еркін ұстайды, Қармақшының мың құбылған мақамына салып, ортекедей ойнайды. Текті перзент дейтініміз, ол – Сыр елінің жұрты төбесіне көтере дәріптеген әйгілі Сәрсенбай жыраудың көген алмай, өлең алған, болмысы бөлек немересі»

Иә, айтса айтқандай, халықтық өнерді қадір тұтып, жастайынан сүйелер шығармашылығымен сусындап өскен Майра дәстүрлі ән-жырға көбірек көңіл бөліп, осы бағытта кәсіби білім алуға ден қойды. Кәсіби дегеніміз, қайыр салада қызмет ету үшін арнайы құжаттың болуы, әйтпесе,

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

қаншама облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі жыршы-жыраулар байқауына, фестивалдарға қатысып, жүлдегер атанды. Айталық, 1999-2001 жылдары Қорқыт мұрасын насихаттауға арналған халықаралық жыршы-термешілер байқауында I орын, халықаралық «Ғасырлар үні» жыраулар конкурсында II орын, Тәуелсіздік және Достық жылына арналған «Ғасыр-Дастан» атты облыстық жыраулар конкурсында бас жүлде иеленді.

Бұдан бөлек, Венгрияда өткен Қазақстанның мәдениет және өнер күндерінде, қырғыз елінің Бішкек қаласында өткен I халықаралық эпос жыраушылардың фестивалінде өнер көрсетті. Сыр сүйелерінің жалғасы, белгілі жырау Көшеней Рүстембековтің 60 жылдығына орай ұйымдастырылған республикалық жыраулар сайысында I орынды жеңіп алды.

2006-2014 жылдары Қызылорда қаласында өткен түркітілдес елдердің халықаралық «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты өнер фестивалінде, 2007 жылы Ұлыбританиядағы Қазақстан Республикасы елшілігінің арнайы шақыртуымен Лондонда өткен Қазақстанның мәдениет және өнер күндеріне қатысып, өнер көрсетті. Ал ЕХРО-2017 Халықаралық көрмесі аясында Қазыбек бидің 350 жылдығына арналған республикалық жыршы-термешілер конкурсында Қазыбек би атындағы бас жүлде иегері атанған. Сондай-ақ Сыр сүйелерінің көрнекті өкілдері Сәрсенбай Бөртебайұлы, Тұрмағанбет Ізтілеуұлы, Шораяқтың Омары, халық ақыны Манап Көкенов, қармақшылық майдангер ақын Әлімбаев Әлиасқаровтың атында ұйымдастырылған жыр байқауларында жеңімпаз атанды.

Дәстүрлі өнерді дамытуға арналған «Жыр-керуен», «Сыр сүйелін сұрасан», «Текті сөздің төресі – терме» тақырыптары аясында ұйымдастырылған байқауларға белсене қатысып, халықтық өнердің кен қанат жайып, үздіксіз насихатталуына зор үлес қосып келеді.

Мәдениет саласының үздігі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, жыршы, ұстаз Майра Сәрсенбаева өзіне артылған қастерлі аманат – сүйелер сарының бүгінге жалғай отырып, келер ұрпақ шығармашылығына ұластыра білген ұстаз.

Жақында өткен Мәдениет қызметкерлерінің мерекесінде облыс әкімінің дәстүрлі «Тұран» сыйлығын иеленді. Бұл да өнер өкілінің еңбегіне берілген өте лайықты баға деп білеміз.

/// РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КҮЙШІЛЕР КОНКУРСЫ

ДӘУІРЛЕР ДҮБІРІ

Ұлттық домбыра күніне орай А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде Сыр бойы күйшілерінің шығармашылығын насихаттауға арналған «Сыр толқыны» атты дәстүрлі III республикалық күйшілер конкурсы өтті.

Мерекелік іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет қатысып, ұлтымыздың мәдени-рухани құндылығын ұлықтап жүрген өнер өкілдеріне құттықтау лебізін білдірді.

– Құрметті өнерсүйер қауым, қадірлі ағайын, сіздерді ұлттық болмысымыздың алтын арқауы, қазақ даласының сан жылдық шежіресі – Ұлттық домбыра күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Өздеріңізге белгілі, I шілдеде мемлекетіміздің жаңа Конституциясы қолданысқа енді. Еліміздің Ата Заңы – мемлекетіміздің құқықтық жүйесінің жетілуіне, заң үстемдігін нығайтуға, азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға кепіл болатын мемлекеттік құжат. Жалпы еліміз жана тарихи кезеңге қадам басты. Жаңа Конституция баршамызға құтты болсын!

Қазақтың көрнекті ақыны Қалыр Мырза Әлі айтқандай, «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра!».

Сонау Құрманғазы, Тәттімбет, Байжұма, Қазанғар, Нұрғиса сияқты атақты күйші-композиторларымыз ұлттық аспабымыз – домбыра арқылы қазақ өнерін әлемге паш етті. Осынау ұлағатты өнер саф қалпында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сөзінде «Ұлттық аспабымыз – домбыра қазақ ұлтын әлемге танытатын брендке айналуы тиіс» деген болатын. Осы орайда халықтың рухани қазынасын жер жүзіне насихаттап келе жатқан өнер иелеріне алғысымыз зор. Бүгінгі күй сайысына қатысушыларға сәттілік, – деді Мейрамбек Зинабидіңұлы.



Күйшілердің республикалық конкурсына Астана, Шымкент, Атырау қалаларынан және Қызылорда қаласынан, Арал, Сырдария, Шиелі аудандарынан жас күйшілер қатысып, өнерін ортаға салды. Конкурс екі кезең бойынша өтті. Қатысушылар Асан Көнек, Шал Мырза, Жалдыбай, Әлшекей, Қошқарбек Тасбергенов, Қазанғар, Құрақтың Досжаны сынды күйшілердің шығармаларын орындады.

Қоңыр домбыраның көне ішегінен күмбірлей төгілген күй ырғағы кең залдың ішін кернеп кетті. Бірде шалқып, бірде бауалай түсіп, сан түрлі сарында төгілген күй ырғағынан көне дәуірдің күмбір естілгендей. Күйшілердің өнеріне көрермен ықыласы да ерекше екені байқалды.

Конкурс қорытындысымен, I орынды Қайнар Сүйеуғали (Астана) жеңіп алса, II орынды Жансерік Ақжол (Шиелі ауданы), Нартай Нұрмағанбетов (Сырдария ауданы), III орынды Шадиар Октябрьұлы (Арал ауданы), Аяулым Асқарбаева (Астана), Еркебұлан Соңғыбаев (Атырау) иеленіп, жеңімпаз атанды. Сондай-ақ барлық қатысушыларға Алғыс хат берілді.

Республикалық конкурста күйші, Қазақстанның еңбек сіңірген

қайраткері, Қ.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті «Дәстүрлі музыкалық өнер» факультетінің оқытушысы Бақытжан Дүйсенғазиев (қазылар алқасының төрағасы), эпик жыршы, этномузикаданушы, фольклорист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының құрметті профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Берік Жүсіпов, дирижер-композитор, «Құрмет» орденінің иегері, мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты, Мәдениет саласының үздігі, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі Еркін Нұрмыбетов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, облыстық симфония оркестрінің дирижері, Қазанғар атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің директоры Мүсілім Әмзе, күйші, Мәдениет саласының үздігі, Шиелі аудандық мәдени-шығармашылық орталығы жанындағы ұлт-аспаптар оркестрінің жетекшісі Әділбек Тәшімов қазылық етті.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Күй құдіреті (Балаға)

Күй – қазақтың асылы, аза, жаны, Әлімсізден болмысы, ақ-адалы, Әлемді әлдилеген әуенімен, Екі ішектің құндақты қу шанағы.

Домбыраның жаны бар сан тараулы, Ғарышта үні, сыр-мұңы ай қонағы. Қыранның қанатымен хаса сұлу, Сыны кетпей, қалықтап шын қонады.

Жүрегінің лүпілі жұлдыз барып, Ұлпершекке үлпілдеп үр қонады. Жан пернесін басқанда қос ішегі, Денең балқып, көңілің шаттанады.

Дыбыстың сынғырымен сүзгіленіп, Қара судың түбіне қақ тұнады. Құдіретті қарашы, күй желіссе, Қоламтадан жалындап от жанады.

Әуен-сарын арбасса іріммен, Теніздердің толқыны тоқталады. «Көбік шашқан» екпіні айдың көмесе, Су жадында сұлбасы сақталады.

«Жұмыр қылыш» жарқылдап қос ішекте, Сижырыммен перненің жұталады. Айбатын асқататын батырлардың, Белдігінде киелі қын қалады.

«Ақсақ құлан» ызасы жай таптырмай, Күйшінің саусағымен жан алады. Тіл бітіп, «балаң өлді» деп тұрғасын, Шанағынан Жошы хан құн алады.

Қазанғап күй төресі – «Көкілім» деп, Қасіреті пернемен жоқталады. Бауыр еті баласын еске алғанда, Қу ағаш күніреніп мұңданады.

Төрт аяғын тең басқан «Қара жорға», Күйрек жалы төгіліп панданады. Сауырдан су төгілмес жорғалардың, Шашасына жұға алмай шаң қалады.

«Шидеме, шегелеме» Науша қыздың, Айлы түн аялаған ақ тамағы. Ақсүйек іздеп жүріп сынып кеткен, Өкшесі етігін саптамалы.

Шегелеген шийдей күй сазынан, Ер жігіт сезіміне бақ тамады. «Нар идірді» жібітіп тас желінін, Күйшінің киесі, дарын, жан амалы.

Ботасы өлген жарықтық, күйге елтіп, Үрпі айырылып, моншақтап сүт тамады. «Сарыжайлау» самалды алтын бесік, Әр қазақты әлдилеп, аялады.

Түгіні түзу шыққан текті жұрттың, Күй толқытқан жамбасы, жан самалы. «Сарыарқаның» сарыны – ұлт рухы, Арғымақтың дүбір ай тағалы.

Дүлдүл демі домбыра кіндігінде, Қос ішекпен үндесіп бапталады. Динаның «Бұлбұл» күйі бұлбұл үндес, Әнші қыздың дауысы, тас-талапы.

«Адай күйде» тұмыштың тұлпарлары, Ауыздықпен алысып шаттанады. Отпан таудың оттары пернеде ойнап, Дұшпаныңан қайтпаған бақ-талабы.

«Көңіл ашар» – көл-көсір ұлт көңілі, Көкөрай бүгін, кешегі «Ақ табаны». Жан еріткен тұяқтың дүбірлері, Ой-санаңда мәңгіге жабылады.

«Аққу күйі» айдында аймаласқан, Ғашықтардың ынтызар жұп-тағаны. Күймен бірге ұлып, үздігеді, Қосақталған қыл мойын, ақ сағағы.

Қанатын қағып-қағып мөлдирейді, Аршылып ақ айдында жан азабы. Айға берсем тұяқтардың сырғы мұхит, Айға жетер астары сан салалы.

Күй дегенің тіршілік кереметі, Жалықтырмас ешқашан, бір ғажабы!

Даража БАЛАПАН,
Т.Айбергенов атындағы
әдеби сыйлықтың лауреаты,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

ҚАРА АҒАШҚА ЖАН БІТІРГЕН

Шебер 2024 жылы кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған «Бір ауыл – бір өнім» жобасы аясында қайтарымсыз грантты иеленген. Қаражатқа қажетті құрал-жабдығын алды.

– Шеберхана ашқаннан кейін мемлекеттің қолдауына ие болдым. Өзге қалалардан ою салатын станок, ағаш жонатын, кесетін және бояйтын құралдар әкелдім. Жалпы жұмыстың 80 пайызы қол еңбегі арқылы жасалады. Өзім домбыра жасаушыларды екі топқа бөлемін. Бірі сапаға, екіншісі саңға жұмыс істейді. Ал жақсы дүние сападан шығады, – дейді шебер.

Ақбүркіттің айтуынша, әр ұстаның аспап жасауда тәсіл-амалы бар. Ол ең алдымен мойын ағашынан бастайды. Одан әрі шанағын құрайды. Кейін бас ағаш пен белін шығарады. Бастысы оның қолынан шыққан домбыраға өнер адамдары мен күйшілер де жоғары баға берді. Осылайша он



саусағынан өнер тамған шебер атадан балаға мұра болып келе жатқан ұлттық аспапқа жан бітіріп келеді.

Мемлекет басшысы «Бұл – болмысымызды айшықтайтын, жұртымыздың, әсіресе өскелең ұрпақтың рухын көтеретін айрықша мереке. Көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлінің «Нағыз қазақ – домбыра» деп жырлауы тегін емес. Расында, домбыраны ұлықтау арқылы біз төл өнерімізді төрге оздырамыз. Домбыра қастерлі құндылығымыз ретінде ұлттымызды әлемге танытатын бірегей брендке айналуы керек» деген болатын.

Шағын шеберханадағы қызу тірлік тоқтамайды. Тұтынушының талғамына сай домбыра жасап шығу – ұстаның басты ұстанымы. Шебер кейінгі кездері шәкірт тәрбиелеуді қолға алған.

– Қызығушылық танытып келетін жастар көп. Бірақ төзе бермейді. Себебі қарағаштың қасиетін

ұғына білуі тиіс. Жұмыс шыдамдылық пен төзімділікті қажет етеді. Көпшілік домбыраны тартқанды жақсы көреді. Ал шеберханадағы жұмыстың оңай емес екенін түсіне бермейді. Кейде тұтынушы бағасы қымбат екенін айтады, ал еңбекті бағаламайды. Көршілес елдерден келетін әрі бағасы арзан аспапты алады. Алайда сапасы сын көтермейді. Сол себепті қайта айналып келетіндер бар, – дейді шебер.

Ол болашақта цехын үлкейтіп, өнім көлемін арттыруға ниетті. Сондай-ақ өнер орталығын ашып, ұлттық құндылықтарды ұлықтауды көздейді. Мектеп, орта және жоғары оқу орындарында домбыра сабағы ашылып, шеберхананың жұмысына қызығатын жастар көп болса деген тілегі бар.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

/// СЫР-СҰХБАТ

«АҚИҚАТТЫҢ АЛДЫНДА ҚИЯНАТ ҚЫЛПЫЛДАП ТҰРАДЫ»

Кезекті «Сыр-сұхбаттың» қонағы КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері, Қызылорда облысының құрметті қайраткері және құрметті азаматы, денсаулық сақтау саласының ардагері Тұрғанбай Маханов

– Тұрғанбай аға, сіздің атыңыз айтылса, біздің ойымызға облыстық медициналық орталық түседі. Осы алып құрылыстың өмірге келуіне сонау жылғы КСРО депутаты ретінде сіздің сіңірген еңбегіңіз зор. Бұл қана ғана емес, да ескірмейтін ерен оқиға, осы жөнінде тағы бір нақтылап айтып бересіз бе?

– Негізгі ОМО ғана емес, облыстық кеңес беру-диагностикалық орталығының салынуында да менің біршана еңбегім бар. 1990 жылдың орта шенінде Қызылорда жерінде мұнай өндіру басталды. «Құмкөл» кенішін игеру қарқын алып, материалдық-техникалық базалар салынып жатқан-ды. Кеніштің бас директоры Мұрат Саламатов болатын. Осы кезде «Құмкөлден» өндіріс ошағы ашылатын жерге жұмысшыларды емдеу мекемесі де қажет болды. Осыған қатысты ойымызды облыс әкімінің құрылыс жөніндегі орынбасары Фарид Фаткулдинов екеуіміз облыс басшысына жеткіздік. Ол кісі төрелігін түйіндеді:

– Егер солай дейтін болсаңыздар, «жығылсаң нардан жығыл», сіздер неде болса тәуекел деп аурухана салу үшін жұмыс жүргізіңіздер. Тиісті орынға мәселені осылай қойғанымыз жөн болар. Оныңкіші КСРО Мұнай-газ министрлігінің қолында. Министрі – Л.И.Филимонов. Жаңағы ұсыныспен сол кісіге бару керек, – деді.

«Темірді қызған кезде соқ» деген, араны суытпай Мәскеуге жол тарттық. КСРО Мұнай-газ министрі Филимоновтың жеке қабылдауында болдық. Министр ұсынысты мақұлдап, КСРО-дағы Болгарияның сауда өкілдігіне өз атынан қатынас жолдады.

Қатынаста «Құмкөл кен орнын кеңейту және әлеуметтік мәдени-тұрмыстық объектілердің құрылысын жүргізуші «Лавоболгарстрой» мекемесін жалпы сомасы 8,1 миллион клирингтік АҚШ долларын қаржыландыру 1990 жылғы 28 желтоқсанындағы КСРО мен Болгария арасындағы сауда келісімінің қосымшасында қаралған қаржы есебінен жүзеге асырылады» деген сөздер бар еді.

Сөйтсек, сол жылдары Болгар мемлекеті аталған министрлікке 8 миллион клиринг қарыз екен. Сондықтан құрылысты «Главболгарстрой» мекемесі жүргізетін болды. Жұмысты бастау үшін аурухана жобасын жасау керек. Осы арада болғандар жағынан аурухана жобасы жөніндегі пікірлерін тыңдадық. Олардың ойыныша Болгарияға барып, бірнеше аурухананы көріміз керек. Табылған жағдайда құрылысты тез бастауға болатын бар. Уақыт оздыру ұтылу емес пе, тез жолға шықтық. Пловдив, София қалаларының бірсыпыра ауруханаларын аралап көрдік. Жасыратын несі бар, біз көрген ауруханалардың ғимараттары көңілге қона қойған жоқ. Болгария мемлекеті Балканның жартылай аралына орналасқан. Ауа райы өте жайлы да жылы. Сол себептен ғимарат құрылыстарына көбіне қалың әйнектерді пайдаланған. Ал біздің жерде ауа райы өзгеше. Сөйтіп жүріп, София жобалау институтының Ресейдің Серпухов қаласына дайындап жатқан аурухана жобасына кезіктік.

Аурухана жобасы біз іздегендей болып шықты. Көлемі жағынан да сай келіп тұр: 660 төсектік, 1200-ге дейін қабылдау бөлімі, 250 орындық пансионаты, 400 емхана қызметкерлеріне баспан, 50 орындық балалар яслиі, т.б. бар.

Біз үшін сәтті түсіп тұрған істің салмағы ауыр болса да жеңіл гой. Сол арада жарты жұмыс аяқталғандай көрінді. Аурухананың жобасы ішінара өзгертіліп, қолымызға тиді. Бұл кезде КСРО ыдырап жатқан-ды. Бұрын қолдау көрсеткен министр Филимоновтан енді қайыр болмайтыны анық. Министр облыс басшысының шақыруымен Қызылордаға келіп те кеткен еді. Енді көпсалалы аурухана құрылысы қалай басталуы керек? Қаржы мәселесі қалай шешіледі? Бізді осындай ойлар мазалай бастады. Жоба бойынша аурухана құрылысына 81 миллион АҚШ доллары қажет екен. Өз басым тәжірибелі Сейітбек Шаухаманов бір амалын табар деген сенімде болдым. Мың қосшыдан бір басшы дегендей.

Аурухана салу менің депутаттық аманатым емес, алайда халық қажетіне жарар тұста намысымыз қайрадым білем, осы іске бар күш-жігерімді сарп етуге шықтым.

«Басқа түссе баспақшы!» дегендей, облыс басшылары ойлана келе облысқа, өзіндік құнымен мұнай сатып алып, оны өңдеп сатуды, содан түскен пайдаға аурухана салуды жоспарлады. Ол үшін сол кездегі мұнай бағасымен 720 мың тонна мұнай қажет екені айқындалды. Енді тәуелсіздігін жаңадан алған Қазақстан үкіметі қаулы қабылдауы керек. Аурухана жайында үкімет назарына ұсыныс жібердік. Онда облысымыздағы экологиялық жағдайдың қолайсыздығынан түрлі дерттің дендеп кеткені дәйекті көтерілді.

Содан салынатын аурухана жобасы республика деңгейінде қайта қаралды. Көп кешікпей оның қорытындысы да қолға тиді. Бұл жөнінде сол кездегі құрылыс және архитектура министрі А.Колбеев өз қолымен «Бұл ТМД елдерінде теңдесі жоқ жоба» деген қорытынды жазып берді. Көп ұзамай облыс басшыларының бекеті арқасында 720 мың тонна мұнай алып сату туралы үкімет қаулысы да шықты.

Ол ҚР Министрлер кабинетінің 1992 жылы 25 наурызында қабылданған №280 «Арал өңірінде тұратын тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайын жақсарту шаралары туралы» қаулысы еді. Осыдан кейін қаржының көзі табылғандай болды. «Лавоболгарстрой» басшылары мен мамандары құрылысты



салуға кірісе бастады. Сөйтіп, Қызылорда қаласында «Қазақболгарстрой» мекемесі дүниеге келді. «Көп ойлаған табар, көп үрлеген жағар» дегендей, ісімізге жан бітті.

Жауапты басшылар қол қойған шартта көпсалалы аурухана құрылысы 1992 жылы басталып, 1996 жылы аяқталады делінген болатын. Бірақ аурухана құрылысын алда неңдей жағдай күтіп тұрғанын ешкім білмейтін. Олай дейтінді де себепсіз емес. Өтпелі кезеңнің ауырталығы біздің құрылысымызға да өз әсерін тигізді. Десек те негізгі мәселе – аурухана құрылысын қалайда бітіріп, науқас жандардың жағдайын біршама жақсарту күн тәртібінде тұрды.

Мені біздің облыста салына бастаған құрылыс нысандарының тоқтап қалғандығы, сонымен бірге құрылыс материалдарының талан-таражға түсе бастағаны қатты қынжылтты. Аурухана құрылысына қаражат табу қиынға түсті. Барлық жерде

Бұл 1996 жыл болатын. Ал құрылыстың біткен бөлігіне қарыз – 18,5 миллион АҚШ долларын құрады. Соған қарамастан көпсалалы аурухана құрылысы жүріп жатты. 1995 жылы Сәкен сенатор болып сайланды да, облыс әкімі болып Бердібек Сапарбаев келді. Бұл азаматпен үкіметтен қаулы шығарту мәселесімен жүргенімде кездескенмін. Ол үкімет қаулысын тездетіп шығартып беруге талай рет жәрдемдескен еді.

Бұған дейін аурухана құрылысын қаржыландыру мұнай есебінен болып келсе, енді ол бюджеттен төленетін болып шешілді. «Харрикейн» компаниясына өтті. Бірақ аурухана құрылысын В.Бубев бастаған «Қазақболгарстрой» мекемесі тоқтатқан жоқ. Осы жылы облыс әкімі Бердібек Машбөкұлының үкімет басшыларына тағы да есеп берілуіне тура келді. Өңігіменің төркіні баяғы бір әуен. Бұл құрылыс біткеннен кейін оның коммуналдық шығынын қалай

Жаман дәрігерге жақсы жалақы төлеудің керегі не?» депті.

Осының астарында көп сыр бар. Жақсы дәрігерге әдетуші адамның өзі-ақ рахметін айтып кетпейді.

Негізі талапкер дәрігерлікті өзі қалауы керек. Бізде баласының болашақ кім болатынын ата-ана тандайды. Қателік осы жерден басталады. Ол бала ықылассыз алған мамандығын терең игере алмайды.

Қазір ақылы оқу деген бар. Медициналық мамандықты ақылы оқумен алуға болмайды, одан білімі толық маман шығады деп айту қиын. Бүгінде біздің елімізде 5 ірі институт бар. Оған қоса басқа бағыттағы институттар мен университеттер медициналық факультеттер ашып алған.

Осы үш-төрт жыл көлемінде маған бір институттың басшысы келіп, өзінің емдеу ісі факультетін ашақшы екенін айтып, кеңес сұрады. «Қазақстанда дәрігерлер дайындайтын арнаулы оқу орындары бар. Менің беретін кеңесім, сендер медициналық білім берем дегендеріңді доғарыңдар», – дедім.

– **Жас дәрігерлерге не айтасыз?**

– Осы мемлекеттік қызметкерлерге Өлең кодексі дегенді үйретіп жатады емес пе, дәрігерлерге бұл әдепті біздің заманымызға дейінгі Гиппократ айтып кеткен. Ол дәрігердің аңтында да бар. Сондықтан жас бұрын мамандарға айтарым, әдептен озба. Дәрігер мейірімді, әдепті болғанда ғана емі шипалы болады. Себебі, ауру адамға ондай дәрігердің емі екі есе тез сіңеді.

– **Аға, енді сізге өзге райдағы бір сұрақтар қоймақпын. Дұшпаныңыз болды ма, қиянат көрген кездеріңіз бар ма?**

– «Дұшпаның бар ма дейсің, қайдан білем, әйтеуір жүрген жерім сайран кілен» деп Мұқағали айтақшы, қасында жүргендерден дұшпан іздеген адам емеспін. Ал қиянаттың әлі үлкен өмірге еңбей жатып-ақ көре бастадық. Сондықтан мен оған кейін мән де бермейтін болдым. Себебі, ақиқаттың алдында қиянат қашан да қармақтың қалтқысындай қылпылдап тұрады.

Студент кезімде «бытсектор» бастығы болғаным. Төртінші курста жүргенде жатақханада ыстық су болмай қалды. Бұл жайында жатақхана комендантына айтып едім, мән бермеді. Комендант орыс әйел еді. Қайталап айтсам да, пысырмады. Содан шыдамай, не үшін жалақы алып отырсыз, тонып жатқан балалардың жағдайына қарамайсыз ба деп дауыс көтеріп



Суретерді түсірген Нұржанұлы Нұржақыпұлы

зейнеткерлер зейнетақысын, жұмысшы-қызметкерлер жалақысын ала алмай жатқан кез еді, бұл. Осындай жағдайда, еліміз мынадай өтпелі кезеңде тұрғанда облыс басшылары арасынан да, министрліктерден де, тіпті ел арасындағы кісілерден де аурухана құрылысының не керегі бар дегендей әңгімелер құлаққа шалына бастады. Өкінішке орай, мұндай алыпқашпа әңгімелер өз әріптестеріміз арасынан да байқалды. Ал менде уақыт қорысыр деген бір ғана ой болды. Құрылысты қолдаушылар аман болсын деп жүрдім. Уақыт озып барады. Баяғы сатылатын мұнай бірде сатылып, бірде сатылып, ақшасы бірде түсіп, бірде түспей жатты, оған қоса мұнай бағасы құлдырап арзандай бастады.

Үкіметтің көмегі керек бола бастады. Тек құрылысшылармен толық есептесуге 420 мың тонна қажет-ті. Тағы да үкіметтің жауапты кісілерін жағалауға тура келді. Алайда кадр саясатына байланысты республикалық деңгейдегі басшылар жыл сайын алмасып жатты. Бұл жағдай біздің құрылысымызға кері әсерін тигізді.

Дегенмен қиын сәттен Сәкеннің басшылығы мен Фаридтің іскерлігі арқасында сүрінбей шығып кеттік. Дәлірек айтсақ, бұған ҚР Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 25 қаңтарда қабылданған №78 «Қызылорда қаласындағы көпсалалы аурухана құрылысына қаржы бөлу туралы» қаулысы куә. Қаулының 1-бабында ҚР Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігіне 1995 жылы Қызылорда облысы әкімшілігінің басшылығына Оңтүстік мұнай-газ өндірістік бірлестігінің сыртқа және Қазақстан республикасы көлемінде сатуға 400 мың тонна мұнайды өзіндік құнмен бөлу міндеттелген.

Сонымен есеп бойынша мұнайдан түскен 39 мылдон АҚШ доллары «Главболгарстрой» әкімшілігімен есептесуге кетті.

өтеуге болады деген мәселе. Біз оның нақты жауабын бердік. Бұл кешен – жалғыз аурухана болып қалмайды. Онда бірнеше емдеу мекемесі болады. Коммуналдық шығын мөлшері 5-6 табиғилық көрсеткіште айқын көрсетілген.

1996-1998 жылдары осы көпсалалы ауруханаға үкіметтен және облыс бюджетінен 24 миллионнан аса АҚШ доллары жұмсалды. Соның нәтижесінде аурухана құрылысы біршама бітіп, кезең-кезеңмен пайдалануға мүмкіндік тулды. Оған облыс әкімінің шешімімен ауруханаға қажетті дүние-мүлік алуға 1 миллион АҚШ доллары көлемінде қаржы бөлінді. Сөйтіп, 1998 жылдың 18 желтоқсанында бес жерге орналасқан балалар ауруханасы және облыстық аурухананың терапиялық бөлімшелері кошіріліп, Президенттің қатысуымен көпсалалы аурухананың ашылу салтанаты болды.

Сонымен бұл аурухананың құрылысы 1992 жылы қазан айында басталып, 48 айда, яғни 1996 жылы қазанда бітуі керек болса, қаржының уақытылы түспеуіне байланысты 2001 жылғы қараша айында аяқталды.

– **Рахмет, аға. Бұл медорталық пен диагностикалық орталықтың шапаныңың әлі қана жыл қиына жұрттың көретіні аян. Сол халықтың алғысы сізге қасқылық әкеле берсін.**

– **Әріптестеріңіздің кейінгі буыны осы жайлы да заманауи жабықталған жерде жұмыс істеп жатыр. Солар қалай істеп жатыр, ел ішінде ақы дағметеді, бермесең қарамайды деген сөз есің жүреді әлде айлықтары аз ба?**

– Баяғыда КСРО денсаулық сақтау министрі Семашко деген кісі Сталинге барып: «Дәрігерлердің айлығын көбейту керек», – деді.

Сонда Сталин: «Жақсы дәрігер болса, оның айлығы өзінен-өзі көбіей береді.

кеткенмін. Ертеңіне ректордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Молдашев маған ұрсты, «комендантқа жөн үйретер халге жетіп қалдың ба» деді. «Ол өз жұмысына жауапсыз қарайтын адам» дедім қасқайын. Ал, ол кісі болса жұдырығымен үстелді бір қойып, үстіндегі қаламсапты ұшырып түсірді. Мен бетіме тіке қарап сәл тұрдым да, жүре бердім.

Бұл менің әділетсіздікке қарсы шыққан алғашқы оқиғам шығар. Оны айтсаңыз, институттан шығып кете жаздағаным да бар.

Студент кезімде көп нәрсеге үлгеруім керек. Өзім велоспортпен айналысам, сабаққа дайындалуым керек. Жас болып киноға бармасаң, онда бар қызықтан құралақан қалғанын. Соның бәрін үлгеремін. Сөйтіп, бір күні жатақханаға кеш оралсам, астан-кестен. Біздің студенттер Гурьевтен спорттық жарысқа келген балалармен шатысып, аяғы төбелеске ұластыпты. «Бір таяқ ката тиеді, бір таяқ бата тиеді» дегендей, біреудің басы жарылып, біреудің көзі шығып, мұның арты ректор Дайыровка дейін жеткен. «Сені ректор шақырып жатыр» деген хабар алдым. Дайыров мені күтіп отыр екен, ал, кеп айқайға салсын. «Хулигансың, арақ ішесің, төбелес бастайсың, оқудан шығарамын», – деді. Жаладан қызыл ала болып шықтым. Мұнан артық қиянат бар ма?

Мен туралы ақпар жеткізушілер комендант пен Молдашев екен. Үндемей сабағыма қатыса бердім. Бір-екі күн өткен соң Мериалов деген оқытушы: «Слушай Маханов, ты отчислен» деді. Бұйрықты қабырғаға іліп қойыпты.

Менің оқиғам «құланның құлағын қасуы, шүрліппенін басуы» дегендей шақырып, институттағы тәртіп мәселесіне қатысты ескерту жасапты. Онан кейін мені оқудан шығармағанда қайтсын.

Не істерімді білмей, теңселіп комсомол комитетінің хатшысына бардым. Әділдік іздеп жүрмін.

Сол жерден таяныш таптым. Хатшы Бошіров деген азамат еді, үш-төрт коммунист оқытушыны жинап, ректорға кіріп, менің кінәсіз екенімді түсіндіріп, оқуда қалдыруды сұрапты. Болмаса студенттер байкот жарияламақшы деп қоспапты.

«Бір жыл темір қорыту зауытына барып жұмыс істеп келсін» депті ректор. Бірақ, мәселе оған жеткен жоқ, стипендиядан қағылып, жатақханадан шығарылып, оқуымды жалғастырдым. Міне, қиянат...

– **Дәрігердің жұмысында күнде бір қиындық кездесетіні аян. Алғашқы қиындықтарыңыз есіңізде ме?**

– 1963 жылы институт бітіріп келген соң мені облыстық денсаулық сақтау басқармасы Жалағаш аудандық ауруханасына жіберді. Бас дәрігер Сақы Қалыбаев әрі оташы-хирург, әрі акушер-гинеколог ретінде жұмысқа алды. Екі жылдан соң бұл екі жұктемеге судмедэксперт деген кызметті және қосты. Алғаш рет қиындықтармен осы кездері бетпе-бет келдім.

Бір күні түн ішінде контакта отырған жеріме жедел жәрдем жетті. «Тан» ауылынан учаске фельдшері телефон соғып, босанған әйелден әлсін-әлсін жан кетіп, жағдайы нашарлап бара жатқанын айтыпты.

Содан орнымнан атып тұрып, керек-жарағымды алып, отыз бес шақырымдай жердегі ауылға бардым. Мен науқас халін тез түсіндім, бірден «эфирный наркоз» қолданып, жатырда қалып кеткен қалдықты алдым. Оны «кусочек плацента» дейді. Мұны алмаса, қан тоқтамай, өлімге алып барады. Сөйтіп, қалдықты алған соң жұмырықпен ұқалап қан тоқтаттым.

Сөйтіп, «Таннан» таң ата қайтқаным бар.

Қазір мұндай қиындық кездесе бермейді. Айы-күні жеткен аналар алдын ала тексеріліп, перзентханаға жатқызылады. Ол үшін барлық жағдай жасалған.

Ойымнан әлі күнге шықпайтын мынадай да бір оқиға өтті.

Сол кезде «Жаналария» совхозы салынып жатқан. Осы құрылысқа туу, Белоруссиядан ақша таппақ болып келген екі жігіт қатысады, екеуі де бұрын сотты болған азамат екен. Содан екі жігіттің бірі атылып қалады, әрине, өліп кетті. Жағдайдың қалай болғанын тексеру үшін судмедэксперт есебінде құқық қызметкерлерімен бірге мен де совхозға бардым.

Барған соң мәйіттің ішкі құрылыстарын ашып, оқ тиген жерді суретке түсірдім. Өлгі өлген жігіттің жолдасы маған оның өзін-өзі атып алғанын қайта-қайта айтты. Оқ шамамен екі жарым метр жерден тиген, медициналық мәлімет осыны көрсетті. Бұл жерде өлген жігіттің өзін-өзі атып алуы мүмкін емес. Құқық қызметкерлері менің қорытындыма қарайды. Сол бойынша екінші жігіт жауапқа тартылмақ.

Бұлар түнде шошқа, қабан секілді аңдар келіп су ішетін «сқақжина» басында аңдып жатып, мылтық атады екен. Мен әлгі жігіттің сөзінен «өтірік» сезсем де, бет-әлпетінен «кінәсіздігін» көріп тұрғандаймын. Оқиға асығыстықтан, аңғармаушылықтан орын алған сияқты. Жолдасын аңмен шағастырып алуы да ғажап емес, басқа қисын жоқ.

Әлгі жігіттің бар ынта-назары менде, екі көзі жүзіреп қарайды. Бұл өзі жеті жыл қамауда болған, тағы қамалса, қалған өмірі не болмақ?

«Қиналған Жамбыл жері осы» дегендей болдым, не айтсам, не істемей қарай. Ақыры, жігіт өзін-өзі атып алған деген қорытынды бердім. Сондағы әлгі жігіттің кірпігінен ыршып түскен жас та оның қинадан таза екенін танытты.

– **Сексеннің сеніңіңе шыққан абыз асқақал ретінде айтқызыңыз, қазір ас пен той көп, осыған қозғарысыңыз қалай?**

– Ас берудің асқыншы бар жатқаны шын. Басқа жұмыс қалмағандай. Біздің үйдің айналасында үш жерде ас беретін, табысты қосікпер төртіншінің салып жатыр. Соның есебінен шағын болса да өнім шығаратын бір жұмыс орын салса, шіркін.

Сонау екімыңыншы жылдың басында ас беру айына екі-үш мәрте кездесетін. Қазір алты күн ас, жеті күн той болады. Шыны керек, кейбіреулер асты осы жұрттан қалам ба деп береді. Өл нәрсең ретімен болғаны дұрыс. Мәселе, оның санында да емес, мәнінде. Ысырапшылдық көп. Тойға келіп жатқан кісілер бір-бірін танымайды. Қуанышына ортақтасатын ағайынның аз болғанына шақырып қоя салса да болмай ма, бұл жерде де бәсекелестік тұр.

Былтыр имамдар бас қосып, осы мәселеге мән берді. Сол жиынға біз де барғанбыз. Сонда ас пен тойдың дастарқаны қандай болу керек деген шектілік белгіленді. Бірақ, өзгерген ештеңе жоқ, неге белгіледі, кім оны іске асырмақ қайдам? Мысалы қайтыс болған жерге барсаңыз, дастарқаны жайнап тұрады. Бейнелеп айтқанда, қустың сүтінен басқаның бәрі бар. Араның ашылып, қоңыл-қуиң көтеріледі, қайғыға келіп отырғандың ұмытып кетесің.

Біздің қоғам қалыптасқан осы әдеттен арылса, қазір көп нәрсе бір ізге түсіп келе жатыр. Сондықтан болашақтан тек жақсылық қана күту керек. Күтіп отырмау керек, әрбір азамат сол бағытта барын салып еңбек етуі тиіс.

– **Аға, сізге рақмет, ұзақ та ұзақмақ құрмыр сіңе болғайсыз!**

Дүйсенбек АЯШУЛЫ,
«Сыр бойы»

СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ САҢЛАҒЫ



Кез келген мемлекеттің басты құндылығы – заң үстемдігі. Ал заңның салтанат құруы оны адал қызметімен жүзеге асыратын азаматтардың еңбегіне байланысты. Өйткені сот төрелігі – қоғамның әділетке деген сенімін қалыптастыратын институт. Осындай жауапкершілігі мол саланың абыройын биік ұстап, саналы ғұмырын құқық пен әділет жолына арнаған азаматтардың бірі – Жанат Бекжанов.

Ол үшін заң саласы – жай ғана кәсіп емес, азаматтық ұстаным мен өмірлік мұратқа айналды. Қай қызметте болмасын, әділдік пен адалдықты басты қағида етіп, әрбір шешімінің артында адам тағдыры тұрғанын терең сезінді. Еңбек жолын қарапайым қызметтен бастап, уақыт өте тәжірибесі толысып, кәсіби шеберлігімен ерекшеленді. Арал мен Қармақшы аудандық, кейін Қызылорда қалалық сотын басқарды. Алматы қаласының сот жүйесінде де жауапты қызметтер атқарып, мол тәжірибе жинады. Қай өңірде қызмет етсе де, оның басты мақсаты заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтарын қорғау және сот жүйесінде деген халық сенімін нығайту болды.

ҚР Жоғарғы Сотының экс-төрағасы Жақып Асанов әріптесі туралы былай деп пікір білдірген еді.

– Жанат Сақыбайұлы – заң үстемдігін өмірінің темірқазығына айналдырған, парасат-пайымы биік, кәсіби біліктілігі мен адами қарапайымдылығы қатар өрілген бірегей тұлға. Оның көпжылдық мінсіз қызметі, ұжым арасындағы сыйластығы мен терең білімі жас буынға үлгі-өнеге. Ол Жоғарғы Соттың кадр қызметінің меңгерушісі болып тұрған шақта ауқымды жұмыс жүргізді. Біз қолға алған кадрлық реформа кедергісіз, оңайлықпен іске аса қойған жоқ. Түбегейлі өзгерістерге деген ішкі және сыртқы қарсылық болды. Шынын айту керек, сол тұста айналмамыздағы көп адам «Осы шайқас немен бітер екен?» деген сыңай танытып, сырттай бақылап қана отырды. Дәл осындай сындарлы сәтте Жәкен бұғып қалған жоқ. Еш қаймықтап қасымнан табылды. Тәуекелге бел буып бір сапта тұрдық. Бір мақсат жолында қызмет еттік. Осындай қиын-қыстау шақта танытқан табандылығы, адалдығы мен кәсіби ерлігі үшін айтар алғысым шексіз.

Иә, судьяның жұмысы сырт көзге қағаз бен заң баптарынан ғана тұратындай көрінуі мүмкін. Алайда әрбір істің артында адам тағдыры, отбасының болашағы, қоғамның әділетке деген үміті жатыр. Сондықтан судьяның кәсіби білімімен қатар, парасаты, сабырлығы мен адамгершілігі де ерекше маңызға ие. Бұл қасиеттер Жанат Бекжановтың қызмет жолынан анық байқалады.

Заманауи сот жүйесінің басты қағидаттарының бірі – ашықтық. Ол қоғаммен байланыс орнатып, халыққа заң талаптарын түсіндіруге, құқықтық мәдениетті арттыруға, сот төрелігінің қолжетімді болуына ерекше көңіл бөлді. Оның пікірінше, заң бәріне бірдей қызмет еткенде ғана әділетті қоғам қалыптасады.

ҚР Жоғарғы Сотының экс-төрағасы Бектас Бекназаров әріптесін өз ісінің нағыз шебері ретінде бағалайтынын айтады:

– Жанат Бекжановты әріптес ретінде бұрын сырттай білсем, Қызылорда облысына барған сапарымда жақсы таныдым. Облыстық сотпен қатар қалалық соттың жұмысымен де арнайы таныстым. Ол басқарған ұжымның қызметін, қараған істерін өз көзіммен көрдім. Судьяларға жасалған жағдай, ұжымдағы тәртіп пен өзара қарым-қатынас мәдениеті бірден назар аударды. Жұмысты білгілі ұйымдастыра білетінін, кәсіби бүйелі жоғары, талап қоя алатын әрі жауапкершілігі мол басшы екенін анық байқадым.

Ж.Бекжанов ұзақ жылғы адал еңбегі мен құқық саласын дамытуға қосқан үлесі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, бірқатар мемлекеттік және ведомстволық наградаларға ие болды. Атап айтқанда, «Құрмет» ордені, ҚР Судьялар одағының «Жеті жарғы» құрмет белгісі, «ҚР сот жүйесіне 30 жыл» мерейтойлық медалі, «Сот жүйесінің үздігі» II дәрежелі төсбелгісімен марапатталды. Бұл марапаттар – бір адамның жетістігі ғана емес, әділдікке деген адал қызметтің бағасы.

Жанат Бекжановтың кәсіби қызметіндегі басты ұстаным – заң үстемдігін қамтамасыз ету және азаматтардың құқықтарын қорғау. Ол қай қызметте жүрсе де, сот төрелігінің ашықтығы мен әділдігін басты назарда ұстап, қоғамдық сенімді арттыру бағытындағы жұмыстарға ерекше мән берді. Бұл жөнінде әр жылдары берген сұхбаттарында да сот жүйесінің ашықтығы, халықпен кері байланысты күшейту және құқықтық мәдениетті қалыптастыру мәселелерін үнемі көтеріп отырды.

«Билік айту – оңай, біліп айту қиын» деген сөз судьялық қызметтің жауапкершілігі жоғары екенін көрсетеді. Судьяның басты капиталы – халықтың сенімі. Бұл сенімге тек заңды жетік білумен ғана емес, әділ шешім қабылдау, адалдық пен жауапкершілік арқылы қол жеткізеді. Жанат Бекжановтың көп жылғы еңбек жолы – осы қағидалардың нақты көрінісі.

Әділдікке қызмет ету – зор жауапкершілік. Сол жауапкершілікті абыроймен арқалап келе жатқан тұлғалардың еңбегі қашанда құрметке лайық.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

«КІТАП КЕРУЕНІ» СЫР БОЙЫН ШАРЛАДЫ

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы шыққаны белгілі. Бұл бастама зиялы қауымнан бастап, ел ішіндегі қарапайым оқырман үшін де ерекше жаңалық болды. Сондай-ақ Астана, Алматы қалаларынан кейін, Сырдың бас қаласында Президенттік кітапхананың іргетасы қаланғаны аймақ тарихында қалады.



Иә, Президент тапсырмасы кітапханашылармен қатар, қаламгерлер мен қалың оқырман ортасына да қозғау салғаны рас. Өйткені бұл үштік – іргесі бұзылмайтын біртұтас ұғым. Дәлірек айтсақ, кітапты өмірге әкелетін қаламгер болса, оны рухани азық ететін оқырман, ал кітапханашы осы аралықтағы дәнекер, яғни насихатшы.

Осы орайда Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының бастауымен әр ауданға, ауылдарға жол тартқан «Кітап керуені» Президент тарапынан айтылған «Кітап оқитын ұлт» идеясын қарапайым қалың оқырманға жеткізді. Айталық, облыстық кітапхана қорындағы сирек қолжазбалар 1293 жылы Мысыр баспаханасынан жарыққа шыққан Құран-Кәрімнен бастап, Қожа Ахмет Иассауи бабамыздың «Диуани хикмет» жазбасы, 1904 жылы Ташкент қаласында басылған «Жүсіп-Зылиха» дастаны, 1925 жылы Қызылордада жарық көрген Ахмет Байтұрсынұлының «Әліпби», 1933 жылы басылған Абай Құнанбайұлы шығармаларының жинағы секілді құнды дүниелер оқырмандардың ерекше қызығушылығын тудырып байқалды. Бір қуанарлығы, осы қолжазбалардың барлығы электронды түрде қолжетімді, яғни арнайы бекітілген сандық код арқылы толық мәлімет алуға болады. Бұдан бөлек, қазақ көркем әдебиетінің жауһарлары, жергілікті акын-жазушылардың туындылары кітап көрмелеріне қойылды.

Алғашқы іс-шара Нағи Ильясов атындағы ауылда өтті. Оған Сырдария ауданының өкімі Б.Сәрменбаев, Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі Қ.Есімсейітова, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры А.Айтбаева, сондай-ақ Сырдария ауданынан шыққан акын, жазушы, өлкетанушы қаламгерлер Ж.Байзақ, Н.Мансұр, А.Ибрагимұлы қатысты.

Арал ауданына қарасты Қамысты-бас ауылында ұйымдастырылған «Кі-

тап керуені» ауылдық округ өкімі А.Баймырзаева, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Б.Махатов қатысып, жақсы бастаманың жалғасуына тілектестік білдірді. Жергілікті акын-жазушылар Ж.Жақып, Е.Абдулла, А.Елеш, А.Сайлауовпен кездесу өтті. Ауыл тұрғындарына жаңа кітаптар мен басылымдар таныстырылып, қаламгерлер мен оқырмандар бір-бірімен пікір алмасты.

Қазалы ауданы Ұрмаш Түктібаев ауылында өткен арнайы жиынға аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы А.Өнесұлы, Алға ауылдық округінің өкімі А.Бегалиев қатысып, мазмұнды іс-шараның оқырман ойынан шығып отырғанын атап өтті. Сондай-ақ мәдениет саласының ардагері Б.Жолтаев, акын, ұстаз С.Мұхитқызы, ұстаз Г.Жауғашарова кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға байланысты ой-пікірін ортаға салып, өз шығармашылықтарының жаңалықтары бөлісті.

«Кітап керуенінің» Қармақшы ауданы Дүр Оңғар ауылында өткен іс-шарасына аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ғ.Нысанбаев қатысып, рухани бастамаға қолдау білдірді. Іс-шарада акындар А.Үсенов, Д.Нәзікбаев, белгілі жыршы А.Ешбаева, жалпы аудан қаламгерлері әдебиет пен руханияттың қоғамдағы орны, Президент Жарлығына сай кітап оқитын ұлт қалыптастыру төңірегіндегі ойларын ортаға салды.

Апта ішінде «Кітап керуені» акциясы Талсуат ауылына табан тіреп, ауыл тұрғындары мен жас оқырмандар көшпелі кітап көрмесін қызығушылықпен тамашалады. Оған облыстық мәдениет архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ғ.Күлібаев, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы А.Қайруллаев қатысып, Мемлекет басшысының арнайы Жарлығына сәйкес бастау алған маңызды жобаға тілек-

тестік білдірді. Жиынға жергілікті акын-жазушылар Г.Қожахметова, Ж.Таңырақбаев, Н.Көбегенұлы, А.Түменбай, Ғ.Кәдірбай қатысып, әдебиет пен руханияттың қоғамдағы орны туралы ой бөлісіп, ауылдық кітапханаға жаңа туындыларын тарту етті.

Шилі ауданының Бала би ауылында өткен «Кітап керуені» акциясына аудан әкімінің орынбасары Б.Ысмағұлов, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы Н.Әбілдаева, мәдениет, өнер және шығармашылық өкілдері қатысты. Ауыл тұрғындарына түрлі жанрдағы кітаптар ұсынылып, оқырмандар өздерін қызықтырған әдебиеттермен танысып, жаңа кітаптар туралы пікір алмасты.

Жалағаш ауданы Таң ауылында өткен «Кітап керуеніне» аудандық мәслихат төрағасы Ө.Елеусінов, аудан әкімінің орынбасары Ғ.Рахатов, сондай-ақ акын-жазушылар мен өнер қайраткерлері, ардагерлер, жастар, жалпы оқырман қатысты. Әдеби кездесуге акын, журналистер Г.Қожахметова, Ғ.Әбілда, белгілі жыршылар Б.Саймағанбетов, М.Сүгірбай қатысып, руханият пен әдебиеттің қоғамдағы орны туралы ой бөлісті. Ал «Кітап сыйла!» акциясында жазушы Құттыбай Сыдықтың зайыбы Қ.Сыдықова автордың кітаптарын, жазушылар Т.Адисұлы, Г.Қожахметова, К.Ахет өз кітаптарын сыйға тартты.

Жанакорған ауданы Машбек Нәлібаев ауылында ұйымдастырылған «Кітап керуенінің» салтанатты ашылуында Жаңакорған ауданы әкімінің орынбасары Н.Жаухадиев, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының басшысы Сапар Көзейбаев құттықтау сөз сөйлеп, Президент Жарлығына сай аймақта алғаш рет жүзеге асырылған жобаның көпшілік көңілінен шыққанын атап өтті.

Іс-шара аясында акын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі М.Тұрсынова, акындар Е.Мұстафаев, М.Оспанов, журналист Б.Үсейінова руханият пен әдебиеттің қоғамдағы орны туралы ой бөлісті.

Апта кетейік, барлық ауылдағы «Кітап керуенінде» жергілікті шығармашылық өкілдерінің қатысуымен «Өлке руханияты: жыр мен ойдың тоғысы» атты әдеби кездесу, «Кітап. Білім. Цифрлық технология» тақырыбында шеберлік сағаты өтіп, балалар әдебиеті бойынша жас оқырмандардың еңбегіне баға берілді. Сондай-ақ «Кітапханаға кітап сыйла!» акциясы бойынша кітапханалар қоры жаңа туындылармен толықты. Оның ішінде енді қолданысқа енгізілген еліміздің жаңа Конституциясы барлық кітапханаларға табысталды.

«Кітап керуені» аясында Қызылорда қаласы және аудандардағы кітапхана саласының мамандарына облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының Алғыс хаты табысталып, одан бөлек қатысушылар «Үздік оқырман», «Ең белсенді оқырман», «Кітап жанашыры», «Жас оқырман» және «Оқырман отбасы» атаулары бойынша марапаттар мен сыйлықтар иеленді.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

/// МУЗЕЙДЕГІ МҰРА

ЖАНҚОЖА БАТЫР ҚЫЛЫШЫ: ТАРИХИ ЖӘДІГЕР ЖӘНЕ ӘСКЕРИ-МӘДЕНИ МҰРА

XIX ғасырдағы қазақ халқының азаттық күресінде ерекше орын алған тұлғалардың бірі – Жанқожа Нұрмұхамедұлы.

Ол – Сыр бойы қазақтарының Хиуа, Қоқан хандықтарының езгісіне және Ресей отаршыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы.

1774 жылы Қазалы төңірегінде Арықбалық ауылында дүниеге келген. Атасы Киікбай батыр кісі болған. Ол туралы Елекей Бексұмовтың 1847 жылы Жанқожа батырға жазған бір хатында: «Менің атам Әбілқайыр хан болған кезде сенің атам Киікбай оның батыры әрі биі болды. Сол кезде екеуі бірігіп Сырдария өзенінің бойында көшіп-қонып жүрген қарақалпақтарды Хиуаға, Бірғыз бен Торғайды жайлап алған қаламқандарды қытай жерлеріне қуып тастап еді, біздің осы жерлерді еркін жайлап жүргеніміз – солардың арқасы» деп айтқан екен. Батырдың ерлігімен, қолбасшылық қабілетімен қатар, оның пайдаланған қару-жарақтары да тарихи және мәдени тұрғыдан аса құнды. Соның ішінде Жанқожа



батырдың қылышы – ұлттық мұраның ерекше бір белгісі.

Жанқожа батырды оққа байлаған кезде алдымен астындағы аты «Көк ешкіні» алып кетеді. Одан соң қару-жарағын алады. Қылышы да олжаға кетіп, әрі қарай Ресей асқан көрінеді. Өткен жылы батырдан қалған жәдігер елге оралды. Жанқожа батырдың қылышын салтанатты түрде Парламент Мәжілісінің экс-депутаттары Ардақ Назаров пен Айдарбек Қожаназаров Ұлттық музей қорына табыстаған

болатын. Айта кетейік, құнды жәдігер Украина жерінен табылған.

Қылыш сәл қисық, жүзі бір қырлы, қайқы, сабы жоқ. Сабының ұшынан соңына дейінгі ұзындығы 900 мм, жүзінің ұзындығы 830 мм, негізгі жүзінің ені 33 мм, негізгі пілдегі қылыш жүзінің ені 28 мм. Болаттан жасалған.

Оны Ресей ғалымдары арнайы зерттеп, батырға тиесілі екенін дәлелденгені туралы хабар келген. Бір бетінде төте жазумен «Созақ, 1845 жыл», ал екінші бетінде «Жанқожа

Нұрмұхамедұлы баһадүрге сауғат (сыйлық)» деген жазу бар. Кейбір ғалымдардың айтуынша, 1845 жылы Созақты қокандықтардан азат ету кезінде Кенесары Қасымұлы Жанқожа батырға сыйға тартқан болуы да мүмкін.

Қазалы аудандық «Руханият орталығы» ашылған сәтте батыр бабаның қылышы аудандық тарихи-өлкетану музейіне облыстық тарихи-өлкетану музейінің сол кездегі басшысы С.Көзейбаевтың ұсынысымен Ұлттық

музейден уақытша әкелінген болатын. Сол сәтте баба ұрпақтары қылыштың көшірмесін жасатуға ниет етіп, ұрпағы Күнберген Длимбетовтің бастамасымен көшірмесі дайындалып, біздің музейге табысталды.

Қылыштың жүзі болат темірден, ал сабы сүйектен жасалған. Темірді соғу әдісі арқылы дайындалған Мәдениет саласының үздігі, суретші-зергер әрі ұста Бекзат Жақыпов. Жанқожа батырдың қылышы – тек әскери құрал ғана емес, ол батырдың ерлік жолының куәсі. Қазақ батырлары үшін қылыш – жеке қару ғана емес, сонымен қатар мәртебе мен батырлықтың символы болған. Бұл қылыш арқылы батырдың әскери тактикасы мен дәстүрлі қазақ жауынгерлік мәдениеті туралы мәлімет алуға болады.

Қазақ қоғамында батырдың қаруы оның рухани жалғасы ретінде қарастырылған, батырлықтың, намыстың және ел қорғау идеясын білдіреді.

Жанат ТІЛЕУҚАБЫЛ,
Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері

ОТБАСЫ БЕРЕКЕСІ БҰЗЫЛМАСЫН

Тұрмыстық зорлық-зомбылық – қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі, отбасының берекесін бұзып қана қоймай, әйелдер мен балалардың өмірі мен денсаулығына, психологиялық жағдайына және болашағына кері әсерін тигізеді.

Сондықтан оның алдын алу – құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Мемлекет азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға ерекше мән береді. Құқық қорғау органдары профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырып, құқықтық түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізеді. Әрбір түскен хабарлама заң талаптарына сәйкес қаралып, құқықбұзушылықтың жолын кесу және жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылданады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық тек күш қолданумен ғана шектелмейді. Психологиялық қысым көрсету, қорқыту, қорлау, ар-намысына тию, экономикалық тәуелділікке мәжбүрлеу сияқты әрекеттер де жауапкершілікке әкеп соғады. Әсіресе әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау – полиция қызметінің басым бағыттарының бірі. Әрбір әйел қауіпсіз өмір сүруге, әрбір бала мейірім мен қамқорлыққа толы ортада тәрбиеленуге құқылы. Отбасындағы өзара сыйластық пен түсіністік – қоғамдағы тұрақтылықтың негізі.

Егер сіз тұрмыстық зорлық-зомбылықтың куәсі болсаңыз немесе өзіңіз осындай жағдайға тап болсаңыз, үнсіз қалмаңыз. Дер кезінде полицияға хабарласу құқықбұзушылықтың алдын алып, адам өмірі мен денсаулығын сақтап қалуға көмектеседі. Қауіп төнген жағдайда бірден 102 нөміріне қоңырау шалыңыз. Сіздің дер кезінде жасаған бір ғана қоңырауыңыз адам өмірін сақтап, ауыр зардаптардың алдын алуы мүмкін. Заң мен тәртіпті сақтау, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын қалыптастыру – баршамыздың ортақ міндетіміз. Қауіпсіз отбасы – қауіпсіз қоғамның кепілі.

Инабат ТӨРЕБЕКҚЫЗЫ,
Қызылорда қалалық полиция басқармасының аға инспекторы,
полиция майоры

АЛҒАШҚЫ 30 ТОННА РЕСЕЙГЕ ЭКСПОРТТАЛДЫ

Иә, жыл сайын шетелге экспортталатын Жайылманың қарбызы биыл да бітік шықты. Жағымды жаңалықты естіп, жергілікті тұрғындар қуанды. Жаз басталмай базарға түсетін қарбыз-қауын көбіне Түркістан облысынан және көршілес елдерден келетіні белгілі. Алайда бұл өнім құрамында шамадан тыс нитрат бар, денсаулыққа кері әсерін береді. Сол себепті көпшілік Жайылманың бренді саналатын қарбыздың пісуін тосады. Қазір қарбыз пісіп, дикандар қызу тіршілікке кірісті. Осылайша ерте көктемнен басталған еңбектің ақталар сәті жақын. Жайылмадағы шаруалардың жайын білу үшін «Әуез ата» ШҚ диканы Самат Оспановпен тілдескен едік. Дикан биыл 8 гектар жерге қарбыз егіпті.

– Наурызда тіршілік басталды. Жерді аударып, бақша дақылдарын егуді қолға алдық. Көктемнен егудің қолданып келеміз. Сәуірдің басында 3-4 құлақ болып шықты. Суаруда мәселе жоқ. Қаратау етегіндегі Жиделі қоймасынан аламыз. Қойма тау және қар-жаңбыр суынан жиналады. Күндіз-түні алқап басында болдық. Арамшөбін тазартып, балаша баптадық. Нәтижесінде өнім жақсы шықты. Маусым айының аяғында алғашқы қарбызды үздік. Әзірге Ресейге 30 тонна, облыс көлеміне 15 тонна қарбыз жөнелтілді. Басынан саудаласып жатырмыз. Келісі 70 теңгеден. Былтыр да өнім мол жиналды. Гектарына 30-35 тонна алдық. Биыл гектарына 30-40 тонна арасында. Салмағына келер болсақ, кішілері 7-8 келі шықса, үлкен қарбыз 18-20 келіден асады, – дейді ол.

Қазір мұндағы шаруалардың бәрі дерлік таң атқаннан кеш батқанға дейін егіс алқабында тер төгіп жүр. Жер-анадан ырық-несібесін теретін шаруалардың көңілі көтеріңкі. Ала жаздай төккен тер еш кетпей өнім жан-жаққа экспортталуда. – Он жылдан бері қарбыз егумен айналысып келеміз. Бұл – отбасылық кәсіп. Жайылма қарбызы – таза табиғи өнім. Оны өсіруге химиялық дәрі-дәрмек пайдаланылмайды. Соның арқасында қарбыздың дәмі тіл үйіреді. Шырынды дақылды күтіп-баптаудың өзіндік ерекшеліктерін жергілікті тұрғындар өте жақсы меңгерген, – дейді дикан.

Бейнеттің жемісі тәтті. Дикан үшін бұл өте маңызды. 80 күнде жұлаға жарайтын өнім үшін сол күннің бәрі – бейнет, еңбек адал.

«Жер – жомарт, жерге сенген ел – жомарт, еңбек еткен ер – жомарт» деген жақсы сөз бар. Осы жолдағы еңбеккерлердің маңдай тері ақтала берей.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

1-бет

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Eco Energy Ltd» ЖШС 2026 жылдың 11 шілдесінен бастап және 5 жұмыс күн аралығында «Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, «Самара-Шымкент» тас жолы, 14А учаскесі мекен-жайы бойынша автомобильге газ құю компрессорлық станциясының (АГККС) құрылысы» жұмыс жобасы бойынша «Қоршаған ортаны қорғау» болімінде Бірыңғай экологиялық порталының сайтында (<https://ndbecology.gov.kz/>) жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жоба бойынша құжаттама бірыңғай экологиялық порталда орналастырылған - ecportal.kz.
ҚОКБ әзірлеуші: «ДАУМШАР» ЖШС, тел.: 87013448437.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «EcoEnergyLtd» проводит общественные слушания в форме публичного обсуждения с 11 июля 2026 года и в течение 5 рабочих дней на Едином экологическом портале (<https://ndbecology.gov.kz/>), по разделу «Охрана окружающей среды» по рабочему проекту «Строительство автомобильной газонаполнительной компрессорной станции (АГККС) по адресу: Кызылординская обл., Казалинский р/н, пос. Айтеке би, трасса «Самара-Чимкент», участок 14А.»

Документация размещена на едином экологическом портале ecportal.kz.
Разработчик ПОС: ТОО «ДАУМШАР», тел.: 87013448437.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

СУ БАР ЖЕРДЕ ЫРЫС БАР

Сыр өңірінде су шаруашылығы саласының маңызы зор. Өйткені, мұндағы ағайынның елеулі бөлігі егін егумен айналысады. Сондықтан жаз мезгілінде дария деңгейіне алаңдайды. Осы орайда тәжірибелі мамандардың сауатты іс-жоспарының нәтижесінде дикандар жауапты кезеңде судан таршылық көрген жоқ. Бұл бағытта «Қазушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда филиалы мамандары жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.



Филиал басшысы Нәжмадин Шамұратов өңірдегі су шаруашылығы саласының ғасырдан астам тарихына тоқталды. Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдары Перовск уездік су округі құрылып, халыққа қызмет көрсете бастаған. Осылайша суармалы егіншілікке қатысты мәселелер мамандар бас қосқан съезде қаралды. 1924 жылы Ақмешіт су округі бойынша егістік көлемін кеңейтуге көңіл бөлінді. Нәтижесінде суландыру жүйесін тәртіпке келтіруге назар аударылды. Сол арқылы алғаш рет су жолын инженерлік жобалау-зерттеу ісі қолға алынды. Мұндай оңды іс-шаралар 1931 жылға дейін өңірдің су шаруашылығы саласының қалыптасуына игі әсерін тигізді. Одан кейінгі кезеңде төменгі Сырдария су жүйесі басқармасы ашылып, оған Қызылорда, Арал, Қазалы, Аламесек, Қармақшы, Теренөзек аудандары қарады.

– Қолдағы дерек көздеріне сүйенсек, 1954 жылы облыста суландырудың жаңа әдісіне көшу үшін тұңғыш рет егістік жерді шағын көлемде тегістеуге көңіл бөлінді. Осыған байланысты машина-мелиоративтік отрядтар жұмысын бастады. Бұл 1957 жылға дейін мыңдаған гектардың тегістелуіне жол ашып, гидротехникалық құрылыстардың салынуына мүмкіндік туғызды. Нәтижесінде 1956 жылы Қызылорда плотинасы елдің игілігіне айналды. Одан кейін Шіркейлі арнасын кеңейту жүзеге асты. Сондай-ақ Қызылорда сол жаға каналының алғашқы кезеңінде су өткізгіштік қабілеті секундына 140 текше метрге жеткізілді.

Келесі кезекте Сырдария өзенінің облыс аумағындағы тағы бір ірі құрылыс – «Қазалы» су торабы пайдалануға берілді. Алпысыншы жылдардан бастап су шаруашылығы саласының өрлеу кезеңі басталды. Мамандардың мол тәжірибесі арқасында суармалы егіншілік жер инженерлік жүйеге келтірілді. 1974 жылы «Қызылордаремводстрой» тресті ашылды. Оған аудандардағы жылжымалы механикаландырылған колонна, автобаза, өндірістік-техникалық жабдықтау басқармасы қарады, – дейді Нәжмадин Шамұратов.

Өңірдің су шаруашылығы саласындағы нысандар бүкілодақтық екінінші құрылысқа айналды. Бұл Жаңақорған ауданындағы Түткен, Шиелі, Қызылорда қаласындағы сол жаға және оң жаға, Қазалы ауданының егістік алқаптарын игеру, суландыру жүйелері мен қашыртқыларын инженерлік жүйеге келтіру ісіне жол ашты. 1963-1978 жылдар аралығында Қызылорда сол жаға және оң жаға массивінде 97,6 мың гектар жер инженерлік жүйеге келтірілді. Дәл осындай жұмыстар Жаңақорған-Шиелі массиві бойынша 1977 жылы 31498 гектар шамасында орындалды. Сала мамандарының жауапты жұмысының нәтижесінде мұндай алқаптар 1986 жылы 173 мың гектарға жетті.

Мамандардың айтуынша, 1974-1978 жылдары Сырдария өзенінің суы төмендеп, өңірде қуаңшылық болды. Бұл бағыттағы жұмысты жүйелі ұйымдастырылғандықтан, Үкіметтен қаралған қосымша қаржының арқасында насос қондырғысы жеткізілді. Қашыртқы суы екінші мәрте пайдаланылды.

– Осы күрделі кезеңнен ешқандай қиындықсыз алып шыққан мамандар еңбегін жоғары бағалаймыз. Олардың барлығы су мен жердің тілін білетін, табиғат пен суармалы егіншіліктің қыр-сырына қанық инженер-гидротехник мамандар еді. Мәселен, игілікті істің басы-қасында Мұстақим Ысханов, Шаймерден Бәкіров, Әбубәкір Тыныбаев, Сұлтан Сәрсенбаев, Балтабай Сәрсенов, Эрик Гукасов, Виктор Гончаров, Сабыр Арыстанбаев, Вячеслав Рябов, Айқынбай Дүйсеков, Елтай Тыныштықбаев, Елтай Құтыбаев, Ержігіт Бозғұлов, Әскербек Мақұлбеков, Әлімбет Жаппарханов сынды азаматтар жүрді.

Жалпы, өңірдің шөлейтті және шөлді аймақта орналасуына байланысты егіншілік суармалы жүйеге бейімделген. Сондықтан қай кезеңде де суармалы жерді тиімді пайдалану маңызы зор. Токсаныншы жылдарға дейін күрші және өзге дақылдарға суды ысырапсыз жеткізу үшін нақты іс-шаралар жүзеге асты. Оның ішінде каналдарды тазалау, гидротехникалық құрылыстарды жөндеу, күрші егіс жүйесіндегі алқапты күрделі тегістеу және ішкі су жүйелерін жөндеу секілді мелиоративтік жұмыстар мемлекет қаржысы есебінен жүзеге асты, – дейді филиал басшысы. Токсаныншы жылдардың бастапқы кезеңінде 265,4 мың гектар суармалы алқаптың 172,5 мың гектары инженерлік жүйеге келтірілген еді. Бұл жер 5 суармалы алқапта орналасты. Мекеме мамандары ұзындығы 2300 шақырым магистральдық каналдар, 900 шақырым шаруашылық қашыртқының жұмысын назарда ұстап келді. Олардың бойында 544 гидротехникалық құрылыс, «Бесарық» және «Жиделі» су қоймалары халыққа қызмет көрсетті. Сондай-ақ 11900 шақырым ішкі

шаруашылық су жүйелері, 24000 шақырым гидротехникалық құрылыстар сала мамандарының бақылауында болып келді. Оған қоса ұзындығы 2287 шақырым Сырдария өзенінің 56 пайызы облыс аумағында жатыр. Сондықтан қай кезеңде де су шаруашылығы мамандары уақытпен санаспай еңбек етіп келеді.

– Айтпа кетсек, суармалы жердегі магистральды, шаруашылықаралық және ішкі шаруашылық, қашыртқылар мен олардың бойындағы гидротехникалық құрылыстар, қуатты электр насостарына жыл сайын күрделі немесе ағымдағы жөндеу жасалып отыруы тиіс. 1998-2000 жылдары Қазақстан мен Халықаралық қайта құру және даму банкінің «Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру» жобасының бірінші кезеңі жүзеге асты. Бұл ішкі шаруашылық нысандарында күрделі тегістеу және қалпына келтіруге мүмкіндік туғызды. Сол арқылы Жалағаш ауданындағы Аққұм ауылында 1034 гектар алқапта осындай ауқымды жұмыстар егінді игілігіне айналды. Рас, ол кезеңде ауыл шаруашылығы құрылымдарының қаржы және экономикалық жағдайы өте төмен еді. 2000 жылы облыс басшылығының шешімімен «Қызылордасуаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны құрылды. Сала мамандары кайта құру кезеңіндегі ауыртпалықты еңсеріп, облыстық су шаруашылығы мекемесін мемлекеттік меншікке сақтап қалуға көңіл бөлді. Бұл кезеңде кәсіпорын басшысы қызметінде Әбдіманап Құтжанов болды, – дейді Н.Шамұратов.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында су шаруашылығы саласының қаржы-экономикалық жағдайының тұрақталуы байқалды. Дария бойындағы ірі су шаруашылығы нысандары жөнделіп тазаланды. Жаналары бой көтерді. Бұл маңызды істер «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Аралды сақтап қалу» жобасының бірінші кезеңінде жүзеге асты. Ол «Әйтеке» су торабы жүйесі кешенін салу және жақсартуға ықпалын тигізді. Облыста ұзындығы 49,9 шақырым болатын су тасқынынан қорғау бөгеттері, «Қызылорда» және «Қазалы» су тораптарын жаңғырту қолға алынып, Солтүстік Арал теңізіне «Көкқарал» бөгетін салу және «Шардар» су қоймасын жөндеуге мән берілді.

– Кейінгі жылдары су ресурстарын тиімді басқару және дикандарға уақытылы су жеткізу ерекше маңызға ие болып отыр. «Қазушар» РМК Қызылорда филиалы ауқымды жұмыстарды атқарып келеді. Филиал өз теңгеріміндегі магистральды және шаруашылықаралық каналдарды, су тарату жүйелерін, бөгеттер мен өзге де гидротехникалық құрылыстарды күтіп-ұстау арқылы өңірдегі су шаруашылығы жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуіне жағдай жасап келеді. Жыл сайын вегетация кезеңінде суару инфрақұрылымын жақсарту бағытында кешенді жұмыстар жүргізіледі, – дейді филиал басшысы.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі тірегі әрі елдің азық-түлік қауіпсіздігін қам-

магистральды және шаруашылықаралық каналдарды, су тарату тораптарын, бөгеттер мен басқа да гидротехникалық құрылыстарды күтіп-ұстау арқылы өңірдегі су шаруашылығы жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуіне жағдай жасап отыр. Жыл сайын вегетация кезеңінде дайындық барысында суару инфрақұрылымын жақсарту бағытында кешенді жұмыс жүргізіледі. Биылғы вегетация кезеңінде дайындық аясында облыс көлеміндегі суармалы каналдар механикалық тазалаудан өтіп жөнелді. Атап айтқанда, инвестициялық жобалар шеңберінде Жаңақорған ауданындағы Келінтөбе магистральды каналының 12 шақырымы, Шиелі ауданындағы Р-12 каналының 4,2 шақырымы механикалық тазалаудан өткізілді. Сонымен қатар Шиелі ауданында 4 гидротехникалық құрылыс күрделі жөндеуден өтті. Ал Қармақшы ауданындағы Құрайлы каналының 17,13 шақырымы және Жалағаш ауданындағы республикалық меншіктегі Солтүстік каналының 3,3 шақырымы толық тазартылып, онда су өткізу қабілеті артып, Бұл іс-шаралар суармалы алқаптарға судың кедергісіз жетуіне және шығынды азайтуға мүмкіндік берді, – дейді Нәжмадин Шамұратов.

Биыл Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы тұрақты суаруға 3,2 миллиард текше метр су пайдалану лимитін белгіледі. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда төмен. Сондықтан мамандар су ресурстарын тиімді жоспарлау мен басқару арқылы облыстың ауыл шаруашылығы саласының қажеттілігін қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыс жүргізуде.

– Облыстың индикативтік егіс жоспары 185,8 мың гектар, күрші көлемі 70 мың гектар. Кейінгі жылдары өңірде суды көп қажет ететін дақылдардың көлемін оңтайландыру және су үнемдеу технологиясын енгізуде нақты шаралар қолға алынды. Су жеткізу қызметтерін цифрландыру мақсатында ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігіне қарасты «Су ресурстары ақпараттық-талдау орталығы» КЕАҚ әзірлеген [Sugar.gov.kz](https://sugar.gov.kz) пилоттық билдингтік жүйесі енгізілді. Аталған портал арқылы су тұтынушылармен келісімшарт жасау үдерісі жеңілдетіліп, қызмет көрсету сапасы жана деңгейге көтерілді. Бүгінде портал арқылы 1021 су тұтынушымен 118,5 мың гектар егіс алқабын, оның ішінде 68 мың гектар күрші алқабын суландыру бойынша келісімшарт жасалды. Жалпы келісілген су көлемі – 2,75 миллиард текше метр. Суару маусымы басталғалы бері филиал Сырдария өзенінен 1,64 миллиард текше метр су алып, тұтынушыларға 1,29 миллиард текше метр су жеткізді. Магистральды және шаруашылықаралық каналдардың орташа пайдалану әсер коэффициенті 80 пайыз, бұл көрсеткіш суару жүйелерінің тиімді жұмыс істеп тұрғанын және су ресурстарының ұтымды пайдаланылып жатқанын көрсетеді, – дейді филиал басшысы.

Мамандардың айтуынша, өңірде су үнемдеу технологиясын кеңінен енгізу жұмыстары да қарқынды. Биыл облыс көлемінде 8862 гектар алқапқа су үнемдеу технологиясы енгізілді. Оның ішінде 1488 гектар алқапта тамшылатып суару, 7374 гектар жерде жан-бырлатып суару әдісі қолданылуда. Сондай-ақ 70 мың гектар егіс алқабы лазермен тегістеліп, су пайдалану тиімділігі артты.

Қазір суару ғылымы жоспарға сәйкес тұрақты жүргізілуде. Су шаруашылығы нысандары қалыпты режимде жұмыс істеп тұр, егін алқаптары қажетті сумен қамтамасыз етілуде.

– «Қазушар» РМК Қызылорда филиалы алдағы уақытта да су ресурстарын тиімді басқару, гидротехникалық құрылыстарды жаңғырту және тұтынушыларға сапалы қызмет көрсету бағытындағы жұмысын жалғастыра береді. Тіршілік көзінің әрбір тамшысын тиімді пайдалану – бүгінгі күннің басты талабы. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыс өңірдің ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге негіз болады, – деп сөзін түйіндеді филиал басшысы.

Айтпа кетсек, қазір елімізде тұтынылатын судың 60 пайызы ауыл шаруашылығына тиесілі. Су тапшылығы жыл өткен сайын күрделеніп барады. Мұндай көрініс Сырдария



өзені бассейніне тән. Суармалы жердегі суды пайдалану барысында бірқатар қиындық кездеседі. Елімізде бір келі өнім өндіруге жұмсалатын судың үлесі өте жоғары болып отыр. Жана ирригациялық технологияларды пайдаланатын елдерде ол 150 литрден 600 литр шамасында. Өкініштісі, бұл көрсеткіш бізде 10 еседен жоғары. Қазіргі күні сала мамандары тиісті іс-шараларды қолға алған.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»



Астана аспанында

...Үр қала ұрзадай,
ұлық қала,
Сендегі арман - асқақ, үміт - дара.
...Әп-сәтте келдік ұшып,
ұшағымыз
Бұлттарды будақ-будақ тіліп жаңа...
...Пердесін иллюминатор түріп қарай
беремін.
Ақ дауыл жоқ,
тымқ маңай.
...Төмендеп ұшағымыз,
арман-қала
Бір кезде көрінді аппақ жұмыртқадай.
Осындай ұмытам ба сәтті өмірі,
Төменде шалқып-тасып жатты өңірі.
...Аспаны шайдай ашық,
астаналық
Ақынның сияқтанған ақ көңілі.
Астана төбесінен ал, қарашы:
Айнала Сарыарканың сары даласы.
...Мешіті Өзірет Сұлтан маңайында,
Ағылған аз емес-ау жан қарасы.
Келеді кемелденіп күннен күнге,
Қазақтың қанат жайған нән қаласы.
Әлемді жалт қаратқан айбат қалам,
Өрнегін Өркеннет сай баптаған.
...Көрінді бір кездері көзіме ыстық,
Ақ Ордам...
аспан түстес байрақ маған.
Ертегі сияқтысың беу, Астанам,
Ерке Есіл кіндігінде ойнақтаған...
...Әнекей, «ӘКСПО-нын» нақ төбесі,
...«Хан шатыр»,
...«Қазақ елі»,
...бақ келесі.
Төсінде толқын атқан ерке Есілдің,
Жүзіп жүр Азаттықтың ақ кемесі.
Жан-жағы жасыл орман,
кілең гүлді,
әуежай...
«Бәйтерегі» міне, ендігі.
...Төрт мұхит, алты құрлық алыстағы
Тұталы тұтас бүгін бұл елді ұлгі.
Арқаға жаңа Астанам қосқан көрік,
Іргесі мәңгі,
мәрмәр тастан берік.
Ақ шаңқан көркем үйлер көк тіреген,
Ақ бұлтпен кететіндей аспанға еріп.
Көзіме басылған бұл оттай сенсің,
Көрікті келбетіңді мақтайды ел шын.
Төбенде тілеп келем тілегіңді,
Тіл-көзден Астанамды сактай гөрсін!

Толыбай АБЫЛАЕВ

ОДАҚ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚАТАРЫ ТОЛЫҚТЫ

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын Қазақстан Журналистер одағына жаңа мүшелерді қабылдау және сала үздіктерін марапаттау рәсімі биыл да жоғары деңгейде өтті. Салтанатты жиында журналистика саласының ардагерлері мен белсенді өкілдері құрметке бөленді.



Жиында Қазақстан Журналистер одағы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Қуат Шарабидинов сөз сөйлеп, одақ қатарына қабылданып жатқан жаңа мүшелерді құттықтады. Ол журналистикадағы буын сабақтастығының маңызын атап өтіп, шығармашылық ортаға қосылған әрбір жаңа буынға сәттілік тіледі.

Қуат Әбішұлының айтуынша, Қазақстан Журналистер одағының «Алтын медалі» осыдан екі жыл бұрын тағайындалғанын. Марапат қоғамға адал қызмет етіп, кәсібилігімен және азаматтық ұстанымымен ерекшеленген түрлі саланың үздік өкілдеріне табысталады. Өткен жылы бұл марапат денсаулық сақтау саласының үздігіне берілді.

Билығы «Алтын медаль» Қызылорда қаласы төтенше жағдайлар басқармасы №4 өрт сөндіру бөлімінің бастығы, III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалінің иегері Фархад Миранбекулы Тажиевке табысталды. Ол 2004 жылы Тасбөгет кентінде болған өрт кезінде бір ересек

адам мен үш жасөспірім баланы құтқарып, ерлік танытқан.

Ардагер-журналист Төлепберген Бектұрғанұлы журналистика саласындағы көпжылдық жемісті еңбегі мен өңірлік баспасөздің дамуына қосқан елеулі үлесі үшін облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбеттің Алғыс хатымен марапатталды.

Салтанатты жиында Қазақстан Журналистер одағының Құрмет грамотасымен ардагер-журналист Төлепберген Бектұрғанұлы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің баспасөз хатшысы Қамбар Бекенов және «Халық» газеті бас редакторының орынбасары – жауапты хатшысы Рыскелді Жахман марапатталды.

Шара соңында Қазақстан Журналистер одағының қатарына жаңадан қабылданған азаматтарға мүшелік куәлік табысталды.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы»

Газеттің келесі саны 9 шілде, бейсенбі күні шығады



/// ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

КРИШТИАНУ РОНАЛДУ ТАРИХ ЖАЗҒАН ТҮН

2026 жылғы Әлем чемпионатының плей-офф кезеңі тартысқа толы кездесулермен жалғасып жатыр. Алғашқы ойындардың өзінде фавориттер мінез танытып, бірқатар құрама тарихи жетістікке қол жеткізді.

Турнир қожайындарының бірі Мексика 1/16 финалда Эквадорды 2:0 есебімен жеңіп, көптен күткен белесті бағындырды. Мехикодағы әйгілі «Ацтека» стадионында Хулиан Киньонес пен Рауль Хименес алғашқы таймда-ақ қарсылас қақпасынан санылау тауып, матч тағдырын шешті. Бұл жеңіс мексикалықтар үшін ерекше мәнге ие болды: команда 1986 жылдан бері алғаш рет Әлем чемпионатының плей-офф кезеңіндегі алғашқы тосқауылды еңсерді.

Англия құрамасы Конго ДР қарсы ойында біраз тер төкті. Африкалық команда жетінші минутта есеп ашып, фаворитті қиын жағдайға қалдырды.



Алайда капитан Харри Кейн шешуші сәтте көшбасшылық танытып, екі рет мергендік көрсетті.

Оның дублі Англияны 2:1 есебімен келесі кезеңге алып шықты.

Осылайша Кейн мундиальдағы гол саны бойынша Пелені басып озып, турнир тарихындағы үздік сұрмергендердің қатарына көтерілді.

Плей-оффтағы ең әсерлі кездесулердің бірі Бельгия мен Сенегал арасында өтті. Африка өкілі 51-минутқа қарай 2:0 есебімен алға шығып, сенсация жасауға жақын тұрды. Бірақ бельгиялықтар соңғы минуттарда мінез көрсетті: әуелі

Ромелу Лукаку есеп айырмасын қысқартса, кейін Юри Тилеманс таразы басын теңестірді. Қосымша уақытта VAR тексерісінен соң белгіленген пенальтиді дәл орындаған Тилеманс Бельгияға 3:2 есебімен тарихи жеңіс сыйлады.

Испания Австрияны 3:0 есебімен ұтып, өз деңгейін тағы дәлелдеді. Микель Оярсабаль дубль авторы атанса, Педро Порро ұлттық құрама сапындағы алғашқы голын соқты. Қақпашы Унаи Симон рекордтық «құрғақ» сериясын жалғастырып, Әлем чемпионаты тарихындағы ең ұзақ гол жібермеген қақпашылардың көшіне шықты.

Португалия мен Хорватия арасындағы ойын да нағыз драмаға толы болды. Екінші таймда Иван Перичич есеп ашқанымен, Криштиану Роналду Хорватия қақпасына пенальтиден гол соғып, тарихи рекорд орнатты. 41 жас 148 күнінде мергендік танытқан шабуылшы Әлем чемпионаты плей-оффында гол соққан ең егде футболшы атанып, мансабындағы алғашқы плей-офф голын еншісіне жазды. Бұл ойын дүбірлі дода плей-оффындағы алғашқы голы ретінде тарихқа енді. Ал 90+4-минутта Гонсалу Рамуш жеңіс добын соғып, Португалияны келесі кезеңге шығарды. Хорваттардың соңғы секундтардағы голы VAR шешімімен есепке алынбады.

Әлем чемпионатының 1/16 финалы мәресіне таяп, 1/8 финалдың алты жұбы толық анықталды. Қазіргі таңда келесі кезеңге шыққан құрамалар мынадай жұптар құрады: Канада – Марокко, Парагвай – Франция, Бразилия – Норвегия, Мексика – Англия, Португалия – Испания және АҚШ – Бельгия. Әсіресе Португалия мен Испания арасындағы



Пиреней дербиі, сондай-ақ Мексика мен Англияның текетіресі жанкүйерлер асыға күтіп отырған матчтардың қатарында.

Ал плей-оффтың соңғы екі жолдамасы әлі сарапқа салынады. Аргентина – Кабо-Верде және Австралия – Мысыр кездесулерінің жеңімпаздары өзара кездесе, Швейцария – Алжир мен Колумбия – Гана жұптарының үздіктері де 1/8 финалда жолығады.

Осылайша Әлем чемпионаты шешуші кезеңге аяқ басты. Ендігі әр матчтың бағасы бұрынғыдан да жоғары: бір ғана кәтелік турнирмен қоштасуға әкелсе, жеңіс әлемдік футбол тәжіне тағы бір қадам жақындатады.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИЯ

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

<https://twitter.com/syrboyi>

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.